

# Халәл тағаммен тамақтану қажеттігі туралы және жануар бауыздаумен байланысты ережелер

أهمية الطعام الحلال

<Қазақ тілі – Kazakh –>



Сайтының редакциясы дайындаған

إعداد: موقع toislam.com



مراجعة: فريق اللغة الكازاخية بموقع دار الإسلام

«ад-да'уату-ссаләфия»  
Сериясы  
11-бөлім

# Халәл тағаммен тамактану қажеттігі туралы және жануар бауыздаумен байланысты ережелер

*Екінші,  
қайта өңделген және толықтырылған  
басылым*



Сайтының редакциясы дайындаған

# МАЗМУНЫ:

<b>Кіріспе.....</b>	<b>3</b>
<b>Нені жеуге тыйым салынғандығы және рұқсат етілгендігі жайлы.....</b>	<b>4</b>
<i>Құран мен Сүннеге нұсқалған тыйымдар жайлы .....</i>	5
<i>Өлемді, доңыз, қан, шарап.....</i>	5
<i>Теңіз өлемесін жеу рұқсат, яғни халәл саналады .....</i>	5
<i>Кез-келген ірімшиктің (сырдың) халәл екендігі жайлы.....</i>	6
<i>Сойдақ тістері бар жануарды жеуге болмайтындығы жайлы.....</i>	6
<i>Тырнақты құстар жайлы.....</i>	7
<i>Үй есегі.....</i>	7
<i>Қашыр (мул).....</i>	8
<i>Құрт-құмырска.....</i>	8
<i>Маймыл мен пілдің етін жеуге болмайды.....</i>	8
<i>Өлтіруге бұйырылған нәрселерді жеуге болмайды.....</i>	8
<i>Өлтіруге тыйым салынған нәрселерді жеуге де болмайды.....</i>	9
<i>Нәжіспен қоректенген жануардың етін жеуге болмайды.....</i>	9
<i>Сатуга тыйым салынған нәрселердің бәрін жеуге болмайды.....</i>	9
<i>Денсаулыққа зияны тиетін нәрселерді жеуге тыйым салынған.....</i>	10
<i>Нәжіс нәрселердің бәрін жеуге тыйым салынған.....</i>	10
<b>Қысылтаяң жағдайда тыйым салынған нәрселерді жеуге болатындығы жайлы.....</b>	<b>10</b>
<b>Жануар бауыздалатын себептер.....</b>	<b>11</b>
<i>Етін жеу және сату үшін.....</i>	11
<i>Құрбан айтындағы құрбан үшін (әл-удхия).....</i>	11
<i>Бала туылғанда шалынатын құрбан (акиқа).....</i>	11
<i>Қонақ үшін.....</i>	11
<i>Үйлену тоғына (уалиматуль-'урс).....</i>	12
<i>Садақа үшін .....</i>	12
<i>Жануарды себепсіз өлтіруге болмайтындығы жайлы.....</i>	12
<i>Тыйым салынған құрбан шалу жайлы.....</i>	12
<b>Жануардың етін жеуге рұқсат ететін шарттар жайлы.....</b>	<b>14</b>
<i>Бірінші шарты: бауыздаушы мұсылман, христиан не болмаса яхуди (иудей) болуы керек.....</i>	14
<i>Кітап иелерінен басқа, діннен безгендер мен қөпқұдайшылдардың бауыздаган жануарларының етін жеуге болмайтындығы жайлы.....</i>	14
<i>Яхудилермен мен христиандар кәпір болса да, олардың бауыздаган жануарларды жеуге неліктен рұқсат берілген? .....</i>	14
<i>Екінші шарты: бауыздаушының ақыл есі дұрыс болуы керек .....</i>	15
<i>Үшінші шарты: жануар тек Аллаһ үшін бауыздалуы тиіс.....</i>	15
<i>Төртінші шарты: бауыздар алдында: «БисмиЛләh», - деу.....</i>	16
<i>Бесінші шарт: «Екі тамырын, тамаған, өнешін сойып қанын ағызу.....</i>	17
<i>Жануарды немен бауыздау керек? .....</i>	17
<i>Анасының бауыздалғаны, жатырдағы баласының да бауыздалғаны болып саналады.....</i>	18
<b>Кейбір құмәнді нәрселерді тарқату.....</b>	<b>19</b>
<b>Жануар бауыздау ережелері.....</b>	<b>23</b>
<i>Жануарга рақымшылдық көрсету туралы.....</i>	23
<i>Жануарды бауыздар алдын құбылаға бұру жайлы.....</i>	24
<b>Ғалымдардың жануарлар етінің үкіміне байланысты берген пәтуалары.....</b>	<b>25</b>
<b>Желатин жайлы.....</b>	<b>37</b>
<b>Корытынды.....</b>	<b>41</b>
<b>Әдебиет.....</b>	<b>42</b>

## Мейрімді Рахымды Аллаhtың атымен

### Кіріспе

Аллаһқа мадақ. Біз Оны мадақтап, Одан ғана көмек және күнелріміздің кешірілуін сұраймыз. Өзіміздің жанымыздың кесапаты мен жаман істерден Аллаhtан пана іздейміз. Кімді Аллаh тұра жолға салса, оны ешкім адастыра алмайды және кімді Аллаh тұра жолдан тайдырса, оны ешкім тұра жолға шығара алмайды. Біз Аллаhtан басқа құлшылыққа лайықты ешкімнің жоқтығына, Оның серігі жоқтығына қуәлік береміз. Сондай-ақ, Мухаммад - Аллаhtың құлты және Оның елшісі деп қуәлік етеміз.

Осыдан кейін:

Аллан Тағала Өзінің елшілері мен пайғамбарларына және олар жіберілген адамдарға халәл нәрселермен ғана қоректенулерін және иті амалдар жасауларын бұйырды. Ұлы Аллаh былай деді: «**Әй, иман келтіргендер! Ризықтандырғанымыздың жақсысынан жендер**». (әл-Бақара 2: 172).

Тыйым салынған (харам) нәрселерді жеудің зияны мен қауіпі - оның себебінен амалдар мен дұғалар қабыл болмайды, ал Ақыретте ол үшін жаза бар. Әбу Хурайра, оған Аллаhtың ризашылығы болсын, Аллаh елшісінің, оған Аллаhtың итілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізген: «*Расында, Аллаh Тағала – Иглігінде Пәк, және ол иті болған нәрседен басқаны қабыл етпейді. Расында, Аллаh пайғамбарларға нені жүктеген болса, иман келтіргендерге де соны жүктеді. Аллаh Тағала былай деді: «Иә, пайғамбарлар! Таза нәрселерден жендер де, таза амалдар жасандар».*» (әл-Муминун 23: 51). Ұлы Аллаh сондай-ақ былай деді: «*Иә, иман келтіргендер! Ризықтандырғанымыздың жақсысынан жендер*». (әл-Бақара 2: 172).

Әбу Хурайра, оған Аллаhtың ризашылығы болсын былай деді: “Осыдан кейін Пайғамбар, оған Аллаhtың итілігі мен сәлемі болсын, шашы жалбырап, үстін шаң басқан адам жайлы ескертті: «*Ол адам ұзақ уақыт бойы сапарда жүріп, кейін қолын қокке көтеріп: «Иә Рabbым, иә Rabbым!» - дейді. Бірақ оның жегені - харам, ішкені - харам және оның кигені - харам, сонда оның дұғасы қалайша қабыл болмақ?!*” Мұслим 1015.

Хафіз Ибн Касир былай деген: “*Рұқсат етілген нәрселермен тамақтану дұғалар мен гибадаттардың қабыл болуының себебі болады, ал тыйым салынған нәрселермен тамақтану дұғалар мен гибадаттардың қабыл болмауына апарып соқтырады*”. “Тәфсир Ибн Касир” 1/280.

Бірде адамдар Жундубқа, оған Аллаhtың ризашылығы болсын: “*Бізге насихат айтши*”, - деді. Сонда ол: «*Расында, адамның ең бірінші шірітіні - қарны болады, сондықтан кімде-кімнің таза нәрселерден басқа еш нәрсе жемеуге мүмкіншілігі болса, солай жасасын*».<sup>1</sup> әл-Бухари 7152.

Зәйд ибн Арқам, оған Аллаhtың ризашылығы болсын, былай айтқан: “*Әбу Бәкрендің, оған Аллаhtың ризашылығы болсын, өзінің төлемін беріп азат етуіне келіскең бір құлы болатын. Ол Әбу Бәкрге не алып келсе де ол одан: «Бұны қалаі таптың?» - деп сұрайтын. Егер оның жауабы оны қанагаттандырса - оның әкелгенін жейтін де, ал егер қанагаттандырмаса - жемейтін. Әбу Бәкр ораза ұстаган күндердің бірінде ол құл оған тамақ алып келді. Әбу Бәкр оның алып келген тамағынан бір туýірін, одан қайдан алғанын сұрауды ұмытып, жеп қояды. Жеп болған соң одан: «Бұны қайдан алдың?» - деп сұрайды. Сонда ол: «Надандық дәүірінде мен көріпкел болмасам да, адамдарды алдан көріпкелдікпен бал аштым. Маган сол үшін ақымды берді», - деп жауап берді. Әбу Бәкр оған: «Сенің жасағаның қандай жиіркенішті, сен сәл болмаганды мені құрта жаздағың!», - деді. Осыдан кейін ол жегенін құсып шыгарғысы келді, бірақ, құса алмады. Оған (біреу) жегенінің сүмен*

<sup>1</sup> Бұл сөздерді Жундуб, оған Аллаhtың ризашылығы болсын, тек Аллаhtың елшісінен ғана, оған Аллаhtың итілігі мен сәлемі болсын, естүі мүмкін еді, өйткені сахабалар ғайыб мәселесінде, яки болмаса болашакта болатын жайлар туралы өз тараптарынан еш нәрсе айтпайтын.

шығатындығын айтты. Осыдан кейін ол су ішіп құса бастады. Осыдан кейін ол асқазанындағының бәрін құсып тастанады! Сонда одан: «Сен шынымен-ақ осының бәрін бар-жогы бір түйір асқа бола жасадың ба?!» - деп сұрайды. Олардың сұрагандарына ол: «Егер бұл жегенім мениң жаныммен гана шығатын болса да, мен оны сұзырып алған болар едім! Расында, мен Аллаһтың елисінің, оған Аллаһтың иғлігі мен сәлемі болсын: «Адамның денесіндегі отқа ең лайық болғаға оның тыйым салынғанмен жеп өскен болігі!» - дегенін естідім», - деді.» Эбу Ну'айм 1/31, әл-Байхаки 5760. Шейх әл-Әлбани хадисті сенімді хадистер қатарына жатқызған.

Тыйым салынған нәрселерді тамаққа қолданудың екі түрі болады:

Біріншісі - негізінде рұқсат етілген, бірақ тыйым салынған жолмен табылған нәрселермен тамақтану. Мысалы, олардың қатарына ұрлықпен, өсіммен, парамен не болмаса зорлық пен құштеп тартып алынған, не болмаса тыйым салынған нәрселерді (арақ, шошқа еті т.с.с.) сату арқылы келген табысқа алынған, т.б. сол сияқты нәрселер жатады.

Екіншісі бұл - негізінде тыйым саналған доңыз, жыртқыш аң, арак секілді және т.б. сол сияқты нәрселермен тамақтану. Бұл ретте негізінде тыйым салынған нәрселер, рұқсат етілген адапт жолмен табылған ақшаға сатып алынса да, олардың негізі харам болғандықтан, оларды жеуге болмайды.

## Нені жеуге тыйым салынғандығы жайлы (яғни нені жеу - харам)

Ұлы Аллаh Тағаланың дінінің негізінде Аллаh пен Оның елшісі нұсқамаған кез-келген амал - харам болып табылады. Яғни діни амалдардың негізі - харам, ал рұқсат етілгендері - тек Аллаh пен Оның елшісінің нұсқағандары. Бір сөзben айтқанда ғибадатта Аллаh пен Оның елшісі нұсқамаған нәрселерді жасауға болмайды<sup>2</sup>.

<sup>2</sup> Яғни Аллаhқа жақындау (оның ризалығын алу) мақсатымен жасалатын кез-келген амалдың қабыл болуының екі міндетті шарты бар: біріншісі - ол амал шын ықыласпен Аллаh разылығы үшін ғана атқарылуы тиіс болса, екінші шарты - ол тек қана Аллаh және оның Елшісі көрсеткендегі үлтіде ғана атқарылуы тиіс. Кез келген адам дінге қатысты кез келген бір істі істеп, сол арқылы Аллаhтың разылығын аламын десе, ол үшін ол осы істі істеуге шарифатта (Құран мен Сұннетті) негіз бар екендейгіне көзін жеткізу керек. Аллаh Тағала: «Ол (Аллаh) сондай олім мен өмірді сендерді сынау үшін жаратты: қайсыларын амалдарыңмен жақсырақ боласыңдар!» - деді. (әл-Мұлк 67: 2).

Хафиз Ибн Касир бұл аяттың түсіндірмесін: «Аллаh тағала: «қайсыларын амалдарыңмен жақсырақ боласыңдар» - деді, және «қайсыларыңың амалдарың көп болады деген жоқ», - деп келтіреді. ("Тафсир Ибн Касир" 4/248)

Имам әл-Фудайль ибн 'Ийяд бұл хадиске қатысты мынадай деп айтқан: «Бұл - «кімнің амалдары ықыласты және дұрыс болады» - дегенде білдіреді». Оған: «Ықыласты және дұрыс болуы деген не?» - деп сұрақ қойылды. Ол: «Расында, егер амалдар ықыласты, бірақ дұрыс емес болса - олар қабылданбайды, және де амалдар дұрыс болып бірақ ықыласты болса - олар, дұрыс және ықыласты болмайынша, қабыл болмайды. Ықыласты деп - Аллаh үшін істелген, ал дұрыс деп - Сұннетке сәйкес болған амалдар табылады», - деп жауап берген. Абу Ну'айм в "Хилля" 8/95.

Аллаh Тағала: «Сендерге амалдары бойынша ең үлкен зиянға ұшырайтындар туралы хабар берейін бе?», - де. Олар дүниедегі еңбектері зия кеткендер. Өздері болса: «Рас жақсы іс істедік» - деп ойлайды» - деді. (әл-Кахф, 18: 103-104)

Имам әл-Куртуби: «Бұл аят адамдардың арасында өзін: ықыласты деп санап амал істейтіндер бар, алайда олардың тырысулаты бекер болып табылатынына - дәлел!», - дейді. "Тафсир әл-Куртуби" 10/65.

Хафиз Ибн Касир: «Бұл аят жинақтауши болып табылады және Аллаhқа бекітілмеген тәсілдермен құлышылық етепті, өзінің сол істерін дұрыс деп санап, және де өзінің амалдары қабыл болады деп есептеп, бірақ іс жүзінде қателесіп жатқан және амалдары қайтарылатындарға қатысты!» ("Тафсир Ибн Касир" 3/174)

Аллаhтың Елшісі (Аллаhтың оған иғлігі мен сәлемі болсын) айтатын: «Кім біздің нұсқауымыз болмаган амалды жасаса, ол қайтарылады!» Муслим 1618.

Хафиз Ибн Раджаб бұл жөнінде: «Бұл хадис Ислам негіздерінде ұлы орынга ие! «Амалдар ниетке сәйкес бағаланады» деген хадис - амалдардың ішкі жағы бағаланатын өлшем болғандай, ол да - амалдардың сыртқы жағы бағаланатын өлшем сияқты болады. Аллаhтың разылы үшін істелмеген кез келген іс оны істеген адамга ешбір сауап

Ал тұрмыстық және дүние мәселелердің бәрінің негізін Аллаh Тағала рұқсат, яғни халәл етті, сондықтан дүние тіршілігінде кез-келген нәрсе Аллаh және Оның елшісінің тарапынан оның тыйым салынғандығы жайлы нұсқауы болмайынша - рұқсат, яғни халәл болып табылады. Яғни, дүние істерінде Аллаh пен оның елшісі харам деп айтпаған барлық нәрсе - халәл. Бұл Аллаh Тағаланың өз құлдарына деген жомарттығын көрсетеді. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деген: «*Аллаh Тағала Өзінің Кітабында нені рұқсат етсе, сол рұқсат етілген, ал Ол неге тыйым салса, сол тыйым салынған болып табылады. Ал Ол атап айтпаған нәрселерге келер болсақ, олардың да барлығы рұқсат етілген. Ендеше, осының бәрін Аллаһтан қабыл алыңдар, өйткені расында, Аллаh еш нәрсені ұмыттайды!*» - деді. Содан соң пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мына аяттарды оқыды: «*Сенің Раббың ұмыттайды..*» (Марьям 19: 65)». әл-Хаким 2/375, әл-Баззар 123. Бұл хадис бірнеше жолмен жеткен, олардың әрқайсысы бірін-бірі күштей түседі, соған байланысты әл-Хаким, әл-Баззар, ад-Дәрақутни, Әбу Бакр ибн әл-'Араби, имам ән-Нәүэүи, Ибн әл-Қайим сынды имамдар, хафиз Ибн Касир және де шейх әл-Әлбәни хадистің сахихтығын растаган.

Мұның тамаққа да тікелей қатысы бар, сондықтан Аллаһтың шариғатымен тыйым салынбаған нәрселердің бәрін жеуге рұқсат етілген<sup>3</sup>. Ал тамақта тыйым салынған нәрселер мен жалпы тыйым салынғандардың бәрінің себебін Аллаh Тағала былай деп түсіндірді. «*Ол жақсылыққа бұйырыш, жамандықтан тосады, барлық игі нәрселерге рұқсат береді де, жиіркенішті нәрселерден тыяды*». (әл-А'раф 7: 157).

Бұл аят, тамақта болсын, не басқа мәселелерде болсын, Аллаh Тағала жиіркенішті және зиян тигізетін нәрселерден өзге ешнәрсеге тыйым салмағандығына анық нұсқап тұр!

### **Құран мен Сұннетте нұсқалған тыйымдар жайлы.**

#### **Өлексе, доңыз еті, қан, шарап**

Аллаh Тағала былай дейді: «*Сендерге: өлексе, аққан қан, доңыз еті және Аллаһтан басқаның атымен бауыздалған мал харам қылышынды. Бірде буыныш, ұрылыш, құлап, сүзіліп өлген жануарлар және жыртқыш жеген мал - харам. Бірақ (жаны шықпай) бауыздығандарың - басқа. Және тігілген тасқа (бұтқа) арнап бауыздалған, әрі оқтар арқылы бөліскендерің (бал ашуларың) да харам етілді. Бұларың - бұзықтық*».

(әл-Майдә 5: 3).

Сонымен, Аллаh Тағала мына нәрселерді жеуге тыйым салды: Аллаһтан басқаға құрбан етілген жануарды; өлексені, ол қалай өлсе де, шариғатта бекітілген тәсілмен бауыздығаннан өзге жануарды; қанды, шарапты; доңыз етін.

Сондай-ақ, өлексеге тірі болып тұрған жануардан кесіп алынған ет те жатады. Өйткені, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деген. «*Tірі болып тұрған жануардан кесіп алынған (нәрсе) - өлексе саналады!*» Әбу Дауд 2841, Ибн Мәжжәһ 3216. Сенімді хадис.

Сондықтан, тірі жануардан кесіп алынған кез-келген бөлікті жеуге тыйым салынады.

Аллаh Тағала былай деді: «*Әй, мүміндер! Арак, құмар, тігілген тастар (бұттар) және бал ашатын оқтар - лас, шайтанның істерінен. Одан сақтаныңдар, құтыларсыңдар. Негізінен, Шайтан арақта, құмарда араларыңа дұшпандық әрі кек салып, Аллаһты еске*

---

*бермейтіні сияқты, Аллаһтан және Аллаh Елшісінен (Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) нұсқау келмеген амал тәрк етіледі де оны істеген адамның өзіне қайтарылады. Дінге енгізілген бірақ оған Аллаh және Аллаһтың Елшісі (Аллаһтың оған игілігі мен сәлемі болсын) рұқсат бермеген кез-келген амал дінге ешқандай қатысы жоқ. Пайғамбарымыздың (Аллаһтың оған игілігі мен сәлемі болсын): «Кім біздің нұсқауымыз болмаган амалды жасаса, ол қайтарылады!» - деген сөздері адамның жасайтын барлық діни істері шаригат ережелеріне сәйкес болуы қажеттігіне нұсқайды», - деген. "Джами'уль-'үлуми уәл-хикам" 1/176. (ред.)*

<sup>3</sup> Фалымдар нені айтып тұрғанын дұрыс түсіну үшін бүкіл мәтіннің барысында «рұқсат етілген» және «абзal» деген терминдерге ерекше назар қою керек.

**алудан және намаздан тосуды қалайды. Ал сонда да тыйылмайсыңдар ма?!**» (әл-Мәида 5: 90-91).

Аллахтың елшісі, оған Аллахтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деген: «*Барлық мас ететін зат - харам!*» Сондай-ақ, ол, оған Аллахтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деген: «*Мас қылатынның бәрі - шарап, ал шараптың бәрі - харам!*» Мұслим 2002.

### *Теңіз өлексесі рұқсат етілген, яғни халәл саналады*

Тек суда ғана тіршілік ететіндердің барлығын жеуге рұқсат етілген. Эбу Хурайра, оған Аллахтың ризашылығы болсын, мыналарды жеткізген: «*Бірде бір ер кісі Аллахтың елисіне, оған Аллахтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп:* «*Иә, Аллахтың елисі, біз теңізге шыққанда өзімізбен бірге кішігірім су алып шығамыз. Егер біз ол сүмен дәрет алатын болсақ, онда ішүге сұымыз қалмайды, сондықтан теңіз сұымен дәрет ала берсек болады ма?*» - деп сұрады. Оған Пайғамбар, оған Аллахтың игілігі мен сәлемі болсын: «*Теңіз сұы дәретке жарайды және оның өлексесін жеуге болады*», - деп жауап берді». Эбу Дауд 1/83, ат-Тирмизи 1/69, эн-Нәсәи 1/176, Ибн Мәжжәх 1/386. Имам Ибн Хузеймә, ат-Тирмизи, эн-Нәүәүи және шейх әл-Әлбани ҳадисті сенімді деген.

Имам әс-Сән'әни былай деген: «*Бұл ҳадистен, теңіздің кез-келген өлексесі, оның түрі итке не доңызға үқас келгеніне қарастын, жеуге жаранды екендігі айдан анық көрінеді*». «Субупло-ссәләм» 1/23 қараңыз.

Суда да, құрлықта да өмір сүретін хайуандардан бұл тізбекке ғалымдар қолтырауынды қоспаған. «Тәфсир Ибн Касир» 3/197 қараңыз.

Сондай-ақ, Аллахтың елшісі, оған Аллахтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деген: «*Бізге өлексенің екі түрі мен қаның екі түрін жеуге рұқсат етілді. Өлексе жайлы айтсақ, олар - балық пен шегіртке, ал қан жайла айтатын болсақ, ол - бауыр мен көкбауыр*». Ибн Мәжжәх, әл-Хаким, әл-Бәйхәқи. Сенімді ҳадис «Сахихуль-джами» 210 қараңыз.

Сондай-ақ, дұрыс бауыздалған жануардың етінде қалған қан да халәл саналады. «Сахих фикху-Сұнна» 2/338 қараңыз.

Сондай-ақ, Айша, оған Аллахтың ризашылығы болсын, етте қалған қан мен оның түсінің қызығыштығында еш жамандық көрмеген. ат-Табәри 8/71. сенімді иснад.

### *Кез-келген ірімшіктің (сырдың) халәл екендігі жайлы.*

Ірімшікке жануардың асқазанында бөлінетін запранның(инфаха) қосылуы салдарынан ғалымдардың ірімшіктің халәлдігі жайындағы көзқарастары бірдей болмаған. Олардың көпшілігі мұсылмандар, не болмаса Кітап иелері жасаған ірімшікті ғана жеуге болады, өйткені, мұсылмандар мен Кітап иелерінен басқа адамдар бауыздаган жануарды жеуге болмайды, дейді. Басқа ғалымдар көпкүдайшылдардың жасаған ірімшіктерін жеуге болады, өйткені, етін жеуге рұқсат етілген жануардың өлексесінің сүті мен запыраны - нәжістер (шарифи тұрғыдан лас деп саналатын заттар) қатарына жатпайды дейді<sup>4</sup>. Бұл

<sup>4</sup> Сондай-ақ, өлексенің мүйізі, сүйегі, тырнағы (тұяғы), тұті мен жұні де нәжіс болып саналмайды. «Сахих аль-Бухари» 1/342.

Ал, өлексенің еті, қаны және терісіне келер болсақ, олар нәжіс болып табылады. Алайда, кез келген өлексенің терісі (тіпті доңыздын да) иленгеннен кейін таза болады. Пайғамбарамыз, оған Аллахтың игілігі мен сәлемі болсын, айтқандай: «*Кез келген тері иленгеннен кейін таза болады*». Абу Дауд 4123, ат-Тирмизи 1728, эн-Нәсәи 3/173, Ибн Мәжжәх 3909, бұл ҳадистің негізі Мұслимде де бар 1/105.

Имам әс-Сән'әни былай деген: «*Бұл ҳадисте илеу кез келген жануардың терісін ішкі жағынан да, сыртықы жағынан да тазарттатындығына дәлел бар, және бұған «Кез келген тері» деген сөздер нұсқайды*». «Субупло-Ссалям» 1/42.

Бұл пікір теріге байланысты қалыптасқан жеті пікірлердің арасындағы ең күштің болып табылады, өйткені, карастырылып жатқан ҳадис жалпылама болып табылады және өзінің құрамына кез келген теріні қамтиды, ал кім қандай-да бір тері иленумен тазармайды десе, ол теріге байланысты үкімді осы ҳадистен тыс шыгаратын дәлел келтіруге міндетті.

Осы ҳадиске сүйеніп кез келген тері тазарады деп 'Али ибн Әбу Талиб, Ибн Мәс'уд, Әбу Дауд, Әбу Юсуф, әс-Сән'әни, әш-Шәукани есептеген, сондай-ақ, бұл пікірді шейх әл-Әлбәни де тандаған.

көзқарасты Әбу Ханифа мен имам Ханбәлдың мазхабын ұстанған кейір ғалымдар бөлісken. Бұл көзқарас дұрысрақ болып табылады, ейткені бұл көзқарас Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың итілігі мен сәлемі болсын, сахабаларының амалына сүйеніп тұр. "әл-Бахру-Рраик" 1/112, "Ахкамуль-Қуран" 1/168.

Бірде Омардан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, құрамына өлексенің запыраны қосылған ірімшік жайлы сұраганда ол: «Аллаһтың есімін айтып жей беріңдер», - деп жауап қайырган. Ибн Әби Шәйбә 5/130, Абдур-Раззак 4/538. Хадистің сенімділігін имам Әхмәд раставан.

Сондай-ақ, Тәлхә ибн 'Убайдуллахтың ірімшікті шетінен пышақпен кесіп алыш Аллаһтың есімін ауызға алыш жегені жайлы хабарланады. Ибн Әби Шәйбә 5/131. Исады сенімді.

Сондай-ақ, бұл жөнінде Сәлмән әл-Фариси мен Ҳасан ибн Алиден де жеткізіледі. Бұл көзқарасты шейхуль-ислам ибн Тәймия да ұстанған, ол былай деген: «Көпқұдаішылдардың жасаған ірімшігін жеуге болады, өйткені, сахабалар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, Ирақты жаулап алғанда отқа табынушилардың ірімшігін жеген!» "Маджму'уль-фатауа" 21/101.

### **Сойдақ тістері бар аңды жеуге болмайды**

Әбу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Пайғамбардың, оған Аллаһтың итілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаның жеткізген: «**Жыртқыш аңдардан сойдақ тістері барларын жеуге болмайды**». Мұслим 1933.

Хадисте арыстандар, жолбарыстар, қасқырлар, аюлар және т.б. жыртқыш аңдар жайлы айтылып тұр.

Бұл тыйымға тек қорқаудың (гиена) ғана қатысы жоқ. Ибн Аммар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын былай деген: «Бірде мен Жәбирден, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: «Бұл қорқау-қасқыр аңда алынды ма?» - деп сұрадым. Ол маган: «Иә», - деп жауап берді. Мен: «Бұны сендерге Аллаһтың елшісі рұқсат етті ме?» - деп сұраганымда, ол: «Иә», - деді». Әбу Дауд 3801, ат-Тирмизи 851, ан-Нәсәи 5/191. Имам әл-Бухари, әт-Тирмизи, Ибн Ҳиббән, әл-Бәйхәқи және шейх әл-Әлбани бұл хадисті сенімді деген.

Бұл мәселеде Ислам шарифаты пікірлер мен болжауларға емес, тек Қасиетті Құран аяттары мен Сұннетке негізделетінін ерекше атап өту керек!

Ал әт-Тирмизи келтірген пайғамбардың, оған Аллаһтың итілігі мен сәлемі болсын, қорқау-қасқырдың етін жеуге тыйым салатын хадисін имам Әхмәд, аз-Зәйля' и және хафиз Ибн Ҳәжжәр әлсіз хадис деп тапқан.

Сондай-ақ, ор қояны мен үй қоянын жеуге болады. Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деген: «Бірде біз Марр әз-Захранда ор қоянды үркітіп жібердік те, адамдар оны қуып қуып шаршады, ал мен болсам оны қуып жетіп ұстап алдым. Осыдан кейін мен оны Әбу Тәлхага алыш келдім де, ол оны бауыздап артқы аяқтарын пайғамбарға беріп жіберді. Ал пайғамбар одан дәм ауыз тиді». әл-Бухари 2672, Мұслим 1953.

Бұл хадисте тек жеуге рұқсат етілген жануарлардың терісі (ихаб) ғана айтылған дейтін кейір ғалымдардың сөздеріне келер болсақ, олардың ешбір негізі жоқ. Бұл жөнінде имам әш-Шәукани өзінің "Найполь-аутар" еңбегінде былай дейді: «Бұл түсінік Надр ибн Шамильдің (хадистің аудармашысы): «Ихаб - бұл иленуге дейінгі тері», - деген сөзінің өзіне де қайши келеді, және бұл пікір ең қүшті пікір, оған «ас-Сыхах», «аль-Қамус», «ан-Нихая» еңбектердің авторлары сынды тіл зерттеушілер де және өзгелер де нұсқаған. Және біз сөздіктерге жүгінітін болсақ, онда оларда ихаб - бұл тек жеуге рұқсат етілген жануардың терісі деген ешнәрсе таба алмаймыз!»

Айтылғандардың барлығынан кез келген жануардың терісі иленгеннен соң таза және пайдалануға жарамды болатыны айқын болады. Алайда, тыс шығаратын тыйым сойдақ тісі бар жыртқыш жануарлардың терісін пайдалануға келген. Әл-Миқдам, Аллаһтың оған ризашылығы болсын: «Аллаһтың елшісі, Аллаһтың оған иелігі мен сәлемі болсын, жыртқыш жануарлардың терісін киоге және оларға мінін отыруға тыйым салды», - деп айтқан. Ахмад, Абу Дауд. Хадис сахих. «ас-Сильсила ас-саҳиха» 1011.

Бұл пікір - өзіне барлық хадистердің біріктіретін - ең дұрыс пікір болып табылады. Толығырақ караңыз: имам ас-Сән'ани "Субулю-Ссаләм" 1/42-44, имам әш-Шәукани "Найполь-аутар" 1/55-59, шейх әл-Әлбани "ас-Самруль-мустатаб" 1/34.

«Бірде пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жаңында кірпі жайлыштың айтқанда, ол: «*Бұл бір жиіркенішті нәрсе*», - деп айтқандығы жайлышты хадисті имам Әхмәд пен Эбү Дауд әлсіз деген.

Имам әс-Сән'әни бұл жайлыштың айтқанда, ол: «*Бұл мәселеде «Кірпіні жеуге болады»*, - деген галымдардың пікірі салмақтырақ, өйткені, оған тыйым салынғандығы жайлышты хабарлар жоқ, ал бұл мәселеде «тыйым салынбаған нәрселердің бәрін жеуге болады» деген тұжырым негіз болып табылады». “Субулю-Ссәләм” 4/108 караңыз.

### **Тырнақты құстар жайлыштың айтқанда**

Иbn 'Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: «*Аллаһтың елисі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын кез келген сойдақ тістің аң мен тырнақты құсты жеуге тыйым салған*», - деп айтқан. Мұслим 1934.

Бұларға - бүркіт, қаршыға, сұңқар және т.б. с.с. құстар жатады.

Тырнақты болса да тауықтың бұған қатысы жоқ. Эбү Муса әл-Аш'ари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: «*Мен Аллаһтың елисінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тыауық етін жегенін көрдім*», - деген. әл-Бухари 5517, Мұслим 1649.

Сондай-ақ, торғай және көгершін секілді және осыларға ұқсас құстардың етін жеуге болады. Аллаh елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «*Кім торғай бауыздаганда рахымишилық танытса, Аллаh оған Ақыретте рахымишилық танытады*», - деп айтқан. эт-Тәбәрани “әл-Кәбир” 7915. Шейх әл-Әлбани хадисті жақсы деп тапқан.

### **Үй есегі.**

Жәбир, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, мынаны жеткізді: «*Хайбарды алған күні Аллаһтың елисі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, үй есегінің етін жеуге тыйым салып, жылқы етін жеуге рұқсат етті*»<sup>5</sup>. әл-Бухари 4219, Мұслим 1941.

Ал жабайы есектер жайлышты айттар болсак, олардың етін жеуге рұқсат етілген. Бұл туралы Эбү Қатада былай деп айтқан: «*Бірде мен Пайғамбарга, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Иә, Аллаһтың елисі, біз жабайы есек аулап алдық, оның етінен біраз қалды»*», - дегенімде, ол маған: «*Қалған етті де жеп қойындар*», - деді». әл-Бухари 1824, Мұслим 1196.

### **Қашыр**

Жәбир, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, мынаны жеткізді: «*Хайбарды алған күні Аллаһтың елисі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, үй есегін, қашырды, сойдақ тісі бар аңдарды және аяғында тырнағы бар құстарды жеуге тыйым салды*». Әхмәд 3/323, ат-Тирмизи 4/61. Хадистің иснады жақсы.

Имам ан-Нәүәүи былай деп айтқан: «*Имам Шафи'и мен оны қолдауышы галымдар қашырдың және сол сияқты, етін жеуге рұқсат етілген жануармен етін жеуге рұқсат етілмеген жануардың қосылуынан пайда болған жануарлардың етін жеуге тыйым салған*». «әл-Маджму'» 9/27.

### **Құрт-құмырсқа**

Имам әш-Шәфи'и, Әхмәд және басқа ғалымдардың көпшілігі: «*(Ол) барлық игі нәрселерге рұқсат береді де, жиіркенішті нәрселерден тыяды*» (әл-А'раф 7: 157), - деген аятқа сүйеніп, шыбын, маса, ара, өрмекші секілді құрт-құмырсқаларды жеуге тыйым салған.

<sup>5</sup>Пайғамбар, Аллаһтың оған игілігі мен сәлемі болсын, жылқының етін жеуге тыйым салды деп айттылған Абу Дауд, эт-Тирмизи тағы басқалар көптірген хадиске келер болсак, ол әлсіз болып табылады, бұл жөнінде имам Нәүәүи былай деген: “*Имамдар бұл хадис әлсіз екеніндігінде бір ауызды шешімге келген*”. “Шарху сахих Мұслим” 13/86 караңыз.

Бұлардың қатарына шегіртке ғана кірмейді, өйткені оны жеуге рұқсат етілген. ‘Абдуллах ибн Эби Ауф, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деген: «Біз Аллаһтың ешісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге жеті жорыққа қатыстық, және сол жорықтарда біз шегіртке жегенбіз». әл-Бухари 5495, Мұслим 1952.

### **Маймыл мен пілдің етін жеуге рұқсат етілмейді**

Хафиз Ибн ‘Абдуль-Бар былай деп айтқан: «Біз ғалымдардың арасында маймыл мен пілдің етін жеуге және сатуға болмайтындығы жөнінде келіспеушіліктер болғанын білмейміз!» “Шархуль-Кәбир” 11/68.

Ал, піл туралы айттар болсақ, Хасан әл-Басри, Әбу Ханифа, аш-Шафи’и және Әхмәд сияқты ғалымдардың көпшілігі оны ең үлкен сойдақ тіс иесі деп, оны кейбіреулер азу тіс қатарына жатқызы да, оның етін жеуге рұқсат етілмейді деп шешкен. Имам Әхмәд: «Піл - мұсылмандардың асы емес», - деп те айтқан. “Әхкему-ззәбәих” 139.

### **Өлтіруге бұйырылған нәрселерді жеуге болмайды**

Хадистерде жыланды, қабаган итті, тышкаңды, кезқұйрықты, қарғаны, шаянды және кесірткені өлтіруге әмір келген. Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді: «Тірі жәндіктердің зиян тигізетін бес түрі бар, сондықтан оларды Меккенің ішінде де, оның сыртында да жолықтырсаңдар - өлтіріңдер. Олар - шаян, қарға, кезқұйрық, тышиқан және қабаган ит». әл-Бухари 3314, Мұслим 1198.

Са’д ибн Эби Уаққас былай деген: «Пайғамбар кесірткені өлтіруге бұйыратын». Мұслим 2238.

Хадисте кішкентай кесіртке (уазғ) жайлы айтылып жатыр, ал үлкен кесіртке - варан жайлы айтатын болсақ, оларды жеуге рұқсат етілген. Пайғамбардан, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын ол туралы сұрағанда, оның: «Мен оны жемеймін, бірақ сендерге оны жеуге тыйым салмаймын», - деп айтқанын Ибн Омар жеткізген. әл-Бухари 5536, Мұслим 1943.

Аллаһтың ешісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Жылан мен шаянды намаз үстінде тұрсаңдар да өлтіріңдер», - деп айтқан. ат-Тәбәрани. Сенімді хадис «Сахиҳуль-джами’» 1151 караңыз.

Бірақ, егер жылан үйге кірсе, онда оны өлтіруге болмайды, өйткені ол жын болуы мүмкін. Оған шығуды әмір ету керек, егер ол шықпаса, онда оны өлтіре беруге болады, өйткені ол - шайтан болғаны. “Сахиҳ Мұслим” 2236.

### **Өлтіруге тыйым салынған нәрселерді жеуге болмайды**

Бал ара, құмырсқа, бәбісек (Құранда аты аталған құс), сауысқан және құрбақаны өлтіруге тыйым салынған.

Ибн ‘Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, пайғамбардың төрт нәрсені өлтіруге тыйым салғанын естіген, олар: құмырсқа, бал ара, бәбісек және сауысқан. Әхмәд 1/332, Әбу Дауд 5267. Имам Ибн Хиббән, шейх Әхмәд Шакир, шейх әл-Әлбани хадисті сенімді деген.

Имам әл-Байхақи былай деген: Бұл хадисте өлтіруге болмайтын нәрсені жеуге болмайтындығы жайлы дәлел бар, өйткені бұларды жеуге болатын болса, онда Аллаһтың ешісі оларды өлтіруге тыйым салмас еді. “Субулю-Сәләм” 4/107.

‘Абд ар-Рахман ибн ‘Усман былай деген: «Бір дәрігер Аллаһтың ешісінен құрбақадан дәрі жасау жайлы сұрағанында, ол оларды өлтіруге тыйым салған». Әхмәд 15197, әд-Дәрими 1998. Жақсы хадис.

‘Абдуллах ибн ‘Амр былай деген: «Құрбақаны өлтіруші болмаңдар, өйткені олардың бақылдауы - Аллаһтың зікір еткендері!» әл-Бәйхәки “Сунануль-кубра” 19166.

## **Нәжіспен қоректенген жануардың (жәлмә) етін жеуге рұқсат етілмейтіндігі жайлы**

Иbn ‘Умар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деген: «Аллаһтың елисі нәжіспен қоректенген жануардың сүті мен етін ішіп-жеуге тыйым салған». Эбу Дауд 3719, ат-Тирмизи 1825, әл-Хаким. Сенімді хадис.

Ал басқа хадисте Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың іглігі мен сәлемі болсын, бұндай жануарды көлік етуге де тыйым салғандығы келтіріледі. ан-Нәсәи 4337, Эбу Дауд 3769, Са’ид ибн Мансур 2816. Сенімді хадис.

Нәжіс жеген кез келген жануардың: туиенің де, сыйырдың да, жылқының да, қойдың да, тауықтың да, яғни осы сияқты етін жеуге рұқсат етілген кез келген жануардың етін жеуге тыйым салынған. Бұндай жануарды, ол таза жем жеп тазармағанша, сатуға да, етін жеуге де болмайды. Тауықтың тазаруы жайлышты болсак, оның уақыты - үш күн, өйткені Ибн Омар осылай жасаған. Ол бұндай тауықты үш күнге жабатын. Ибн Әби Шәйбә 4660, иснады сенімді.

Ал мал жайлышты болсак, онда ол туралы ен дұрыс тұжырым: оның тазару мерзімі - қырық күн. “Сахих фикху-Сунна” 2/344.

## **Сатуға тыйым салынған нәрселердің бәрін жеуге болмайды**

Аллаһтың елшісі: «Егер Аллаh бір нәрсені жеуге тыйым салса, онда Ол оны сатуға да тыйым салған». Эбу Дауд 3488. Хадис сахих.

Эбу Зубайр мынаны жеткізген: «Бірде мен Жәбирден ит пен мысықты сату жайлыштырағанымда ол: «Аллаһтың елисі, оған Аллаһтың іглігі мен сәлемі болсын, бұған қатаң тыйым салған!», - деп жауп берді». Мұслим 1569.

## **Денсаулыққа зияны тиетін нәрселерді жеуге тыйым салынған**

Аллаh Тағала былай деді: «Өз-өздерінді өлтіруші болмандар, расында, Аллаh сендерге мейірімді». (ан-Ниса 4: 29)

‘Убададан, Ибн’Аббастан, Эбу Са’идтан, ‘Айшадан, Эбу Хурайрадан және Жәбирден, олардың бәріне Аллаһтың ризашылығы болсын, жеткен хадисте Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың іглігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі. «**Өзіңе де, өзге біреуге де зиян тигізуге болмайды!**» Әхмәд 5/326, Ибн Мәжжәһ 2340, ат-Тәбәрани 1/163.. Бұл хадис көптеген жолдармен жеткен, олардың әрқайсысы бір-бірін күштейтеді. Осыған байланысты Эбу Дауд, Ибн Абү’Асым, әл-Хаким, әз-Зәхаби, Ибн ас-Саләх, ан-Нәүәүи, әл-Мәнәүи иәл-Әлбәни сынды имамдар бұл хадистің сахих екендігін растиған.

Имам Ибн Хәэм былай деген: «Денсаулыққа зияны тиетін нәрселерді жеуге рұқсат етіледі, ал денсаулыққа зияны тиетін нәрселерді ішіп-жеуге тыйым салынады!» “әл-Мұхалля” 7/430.

## **Нәжіс нәрселердің бәрін жеуге тыйым салынған**

Имам Ибн Хәэм былай деген: «Галымдар нәжіс нәрселерді ішіп-жеуге болмайтындығы жайлыштырғанда келген!» «Маратибуль-иджма’» 39.

Шейхуль-Ислам Ибн Тәймия: «Нәжіс болған нәрселердің бәрін жеуге тыйым салынады, бірақ жеуге болмайтын нәрселердің бәрі нәжіс болып табылмайды», - деп айтқан. “Маджму’уль-фатауа” 21/542.

## **Қатты қысылтаяң жағдайда тыйым салынған нәрселерді жеуге рұқсат етілетіндігі жайлышты**

Аллаh Тағала былай дейді: «Ол сендерге өлексені, қанды, доңыз етін сондай-ақ, Аллаһтан басқаға арнап бауыздалған жануардың (етін жеуге) тыйым салды. Ал кім де кім, қарсы келмей және шектен шықпай, тыйым салынған нәрселерді жеуге мәжбүр болса, онда оған күнә емес. Расында, Аллаh – Кешіруші, Мейірімді». (әл-Бакара 2: 173).

Осы және осыған ұқсас басқа аяттардан шаригатта өте маңызды «ад-Дарурату тубихуль-махзурат» (Тыйым салынған нәрселерді рұқсат ету қажеттілігі)<sup>6</sup>, деп аталатын қағида шығады.

Имам Ибн әл-Мунзир былай деген: «Қажет жағдайда өлексені жеуге болатындығы жайлышалымдардың бері бір пікірде болған» «әл-Иджма'» 102.

Шейх 'Абдур-Рахман ас-Са'ди бұл аятты былай деп тәспірлейді: «*Аллаh Тағала осы аятта айтылған және басқа да харам нәрселерді жеуге тыйым салып, адамзатқа мейірімін көрсетті және барлық зияндықтардан қоргады. Алайда, бұган қарамастан, егер адам, басқа тамақ таптай, қатты ашықса, тыйым салынған нәрселерді жей беруіне болады, және бұл жағдайда оның ісі құнә есептелмейді. Бірақ, қолында жеуге рұқсат етілген заттары болса, не болмаса аштыққа шыдау мүкіншілігі болса, онда тыйым салынған нәрселерді жеуге болмайды, ал жеуге ас таптай, жеген құннің өзінде де шектен шықтуы тиіс, яғни бойын көтеріп журе алатынай мөлшерде гана жеуі керек. Бұндай жағдайда адамнан тыйым салынған нәрселерді жегендігі үшін жауапкершілігі мойнынан түседі де, бұның негізіне Аллаhtың керек мөлшерде жеп ішу жайындағы үкімі жүреді. Адамға өз басын қауітке тігіп өз-өзін аштық өліміне салуга тыйым салынады. Ол өзінің аштығын басуға тиісті, ал егер ол аштық салдарынан өліп кететін болса, онда ол адамға өзіне қол жұмсағаның үкімі жүреді.*

Бұл аяттан, қатты қажет жағдайда тыйым салынған нәрселердің рұқсат етілуі жайлышалымдарды. Қатты қажет жағдайда Мейірімді Аллаh адамдарға тыйым салынған нәрселердің рұқсат етеді». “Тафсир ас-Са'ди” 68.

### **Мал бауыздалатын себептер жайлышалымдарды.**

#### *Етін жеу және сату үшін*

Аллаh Тағала былай дейді: «Ол сондай Аллаh – сендерге сендер бірін қолік етіп мінетін, ал енді бірін азық етіп жейтін мал жаратты». (әл-Фағир 40: 79).

#### *Айтта құрбан шалу үшін*

Аллаh Тағала былай дейді: «Сондықтан Раббың үшін намаз оқы және құрбан шал». (әл-Кәусар 108: 2).

#### *Қажылық уақытында құрбан шалу үшін*

Ұлы Аллаh Тағала былай деді: «Құрбан түйелерін сендер үшін, Аллаhtың белгілері (құрбандықтары) қылдық. Мұнда сендер үшін хайыр бар. Оларды тұрғызып қойып, оларға Аллаhtың атын айттындар. Сонда қашан олардың жамбастары жерге тисе (жаны шықса) жендер де, мұқтажға да, мұқтаж емеске де жегізіндер. Осылай, шұқір етулерің үшін, жануарды еріктеріне бердік». (әл-Хажж 22: 36).

#### *Бала туылғанда шалынатын құрбандық үшін (ақиқа)*

Аллаhtың елшісі, оған Аллаhtың игілігі мен сәлемі болсын: «*Кім өзінің балалары үшін құрбан шалғысы келсе, онда ұл үшін екі қой, ал қыз үшін бір қой шалсын*», - деген. Әбу Дауд 2842, ән-Нәсәи 4156. Жақсы хадис.

Сұннет бойынша мүмкіншілігі бар адам балалы болғаннан кейін нәресте туылтысымен жеті құннен соң, не он төрт құннен кейін, не болмаса жиырма бір құннен кейін құрбан шалуы тиіс. Бұл хадистерде келтірілген. Дегенмен, жетінші құні құрбан шалынып, басы қырылып, аты қойылғаны абзал. “Ируауль-ғалиль” 1165.

<sup>6</sup> Бірақ барлық қысылтаяңдық қажеттілікті тудыра бермейді.

## Нәзір етілген құрбандық үшін

Аллан Тағала былай дейді: «Олар нәзірлерін орындаиды және апаты етек алатын күннен қорқады». (әл-Инсан 76: 7).

### Қонақ үшін

Аллан Тағала былай дейді: «Саған Ибраһимның ардақты қонақтарының (перштегердің) әңгімесі келді ме? Олар Ибраһимге кіргенде: “Сәлем”, - десті. Ибраһим де оларға: “Сәлем, бөгде қауым”, - деді. Дереу үйіне барып, семіз бір бұзау әкелді. Оны оларға жақындастып: “Неге жемейсіндер?” - деді». (әз-Зәрият 51:24-27).

Бірақ, қонаққа арнап мал бауыздау мен қонақты тамақтаныру үшін бауыздау - екі бөлек нәрсе. Қонаққа арнап құрбан шалу – харам болып табылады!

### Үйлену тойында ас беру үшін (уәлиматуль-‘урс)

Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деп айтқан: «Пайғамбар, Аллаһтың иғлігі мен сәлемі болсын, Абдур-Рахман ибн Ауфтың жузінен сары бояулардың ізін байқап<sup>7</sup>: «Сен үйленгенсің бе?» - деп сұрады. Ол: «Иә», - деп жауап берді. Пайғамбар, оған Аллаһтың иғлігі мен сәлемі болсын: «Кімге?» - деп сұраганында, ол: «Ансарлардың ішіндегі бір әйелге», - деп жауап берді. Пайғамбар, оған Аллаһтың иғлігі мен сәлемі болсын: «Оған (махрге) не бердің?» - деп сұраганда, Абдур-Рахман: «Құрма дәнегінің салмағындаі алтын бердім», - деп жауап қатады. Сол кезде Пайғамбар, оған Аллаһтың иғлігі мен сәлемі болсын: «Онда саған бір қойдың етімен болса да қонағасын беру керек», - деді.» әл-Бухари 2048.

### Садақа үшін

Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дейді: «Бірде біз бір қойды сойып, оны садақа ретінде таратқанымызда, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың иғлігі мен сәлемі болсын: «Одан не қалды?» - деп сұрады. Біз: «Оның жауырынан басқа еш нәрсе қалмады», - деп жауап бердік. Сол кезде Пайғамбар, оған Аллаһтың иғлігі мен сәлемі болсын: «Расында, оның жауырынан басқасының бәрі қалды!» - деп айтты.»<sup>8</sup> ат-Тирмизи. Жақсы хадис “ас-Сильсилә ас-саҳиха” 2544 қараңыз.

### Жануарды себепсіз өлтіруге болмайтындығы жайлы

Ибн Омардан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Аллан елшісінің, оған Аллаһтың иғлігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны жеткізіледі: «Егер адамдардың бірі торғайды, не болмаса осыдан ірі басқа бір жануарды хақысыз өлтірсе, онда ол осы амалы үшін Ақырет күні сұралады». Одан: «Иә, Аллаһтың елшісі, оны хақы қандай?» - деп сұраганда, пайғамбар, оған Аллаһтың иғлігі мен сәлемі болсын: «Оның хақысы бауыздалып желинуінде, басын жұлып алып желинбей тасталуында емес!»<sup>9</sup>. ан-Нәсәи 7/239, Әхмәд 4/389. Хадистің сенімділігін имам ан-Нәсәи, Ибн Хиббән, әл-Хаким, хафиз әл-Мунзира, Ибн Касир және шейх әл-Әлбани растаған. Соңдай-ақ, “Сахиҳу-ттарғиб” 1/631 қарасаңыз болады.

Бірде Ибн Омар оған Аллаһтың ризашылығы болсын, нысана ретінде тауыққа оқ атып тигізе алмаған әр жебесін тауық иесіне беріп жатқан жасөспірмдердің жанынан өтеді. Олар Ибн Омарды көріп жан-жаққа тым-тыракай қашады, ал Ибн Омар болса: «Бұны жасаған кім? Бұлай істеген адамға Аллаһтың қарғысы тисін! Расында, Аллаһ елшісі, оған Аллаһтың иғлігі мен сәлемі болсын, жаны барды өзіне нысана еткендерге лагынет айтқан!» - деді. әл-Бухари 5515, Мұслим 1958.

<sup>7</sup> Әйелінің бояуынан сінген із. (Әйел өзінін ері үшін ғана боянуына болатынын ескертеміз).

<sup>8</sup> Яғни, жауырынан басқа таратып жіберген еттің бәрі Ахірет күніне сауап ретінде қалды, дегені.

<sup>9</sup> Имам Әбу Бәкр Ибн әл-‘Араби былай дейтін: “Жануарды хақысыз өлтіруге тыйым салынғандығы сахих түрде білгілі, және мұны істеген адамға қатаң қорқытулар бар. Ал Адамның баласын (адамды), немесе мұсылманды, немесе тақуа және салиқалы мұсылманды өлтіру туралы не айтуга болады?!” “Фатхуль-Бари” 12/196 қараңыз.

## Тыйым салынған құрбан шалу жайлы

Сәлман әл-Фарсиден, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны жеткізіледі: «*Шыбынның себебінен бір адам Жәннәтқа кірді, ал басқасы тозаққа түсті*». Сонда адамдар: «*Бұл қалайша, иә, Аллаһтың ешісі?*» - деп сұрайды. Сол кезде Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп жауап береді: «*Бірде екі адам (табынатын) пұты бар бір елдің жанынан өтеді. Ол елдің адамдары өз пұттарына құрбан шалдырмаи ешкімді (бұл төніректен) өткізбейді екен. Олар жолаушылардың біріне: «Пұтқа бір нәрсені құрбан етіп (ризашилығын тауып) жақында», - дейді. Ол адам: «Мениң оған жақындаитын (яғни шалатын) еш нәрсем жоқ», - дейді. Олар: «*Құрығанды шыбынмен жақында!*» - дейді. Ол пұтқа шыбынды құрбан еткенде, олар оған сапарын жалғастыруға рұқсат етеді, бірақ ол Тозаққа түсті<sup>10</sup>. Осыдан кейін пұтқа табынуышылар екінші жолаушыға: «*Жақында!*» - дейді. Ал ол болса: «*Мен Ұлы да Құдіретті Аллаһтан басқа ешкімге құрбан шалмаймын!*» - дейді. Оның басы шабылды да, ол Жәннәтқа кірді».<sup>11</sup> Әхмәд “Китәбу-ззұхд” 15, Ибн Әби Шәйбә 13084. Хадистің сенімділігін шейх Абдуль-Қадир әл-Арнаут растаған.*

Салих Али Шейх былай деген: «*Құрбан шалуды төрт түрге бөлуге болады:*

**Бірінші түрі** – Құрбан Аллаһтың атымен және Аллаһ үшін бауыздалады. Бұл - бірқұдайшылдық, яғни таухид!

**Екінші түрі** – Құрбан Аллаһтың атымен, бірақ Аллаһтан басқаға арналып бауыздалады. Бұл - гибадаттағы көпқұдайшылдық (ширк)!

**Үшінші түрі** – Құрбан Аллаһтан басқаның атымен және Аллаһтан басқаға арналып бауыздалады. Бұл - Аллаһтың үстемдігіндегі көпқұдайшылдық (ширк)<sup>12</sup>. “Шарх Китәби-ттаухид”.

Тыйым салынған құрбан шалуды құрамында көпқұдайшылдық (ширк) бар, және құрамында бидғат (діңге жаңадан енгізілген нәрселер) бар деп екі топқа бөлуге болады. Құрамында көпқұдайшылығы бар құрбан шалуға түрлі құдайдарға, әулиелерге, перштегерге, өлген адамдарға, олардың қаблерінің басында, сондай-ақ басшыға жақындау ниетімен бауыздалған түрлі құрбан шалулар жатады. Жақындау ниетімен жасалынған құрбан шалулар ғибадаттың түрі болып табылады. Сондықтан, Аллаһтан басқаға арналған құрбан шалулардың бәрі - үлкен көпқұдайшылдық, яғни үлкен ширк болып табылады.

Ал бидғат болып табылатын құрбан шалу жайлы айттар болсақ, оларға адам қаза тапқаннан кейін қырқыншы, елуінші күні, жыл сайын, не болмаса оның туған күнінде өлген адам үшін жасалынған құрбан шалулар жатады. Сондай-ақ, мұның қатарына

<sup>10</sup> Фалымдар бұл адамға байланысты мәселе де әртүрлі пікірге келген. Яғни ол адам - тыйым салынған нәрсені істеуге құштеп мәжбүрленген адам ба (мұкрих), әлде жоқ па? Біреулері: «Ол бұл амалды жасауға құштеп мәжбүрленбіді, өйткені, ол мұны өз еркімен істеді», - деді. Басқалары: «Ол құштеп мәжбүрленген болса да, бұл біздің шарифаттан бұрынғы шаригаттардан еді, сондықтан олардың мәжбүрлеумен істеген күннелері да кешірілмейтін еді, ал Мұхаммадтың, Аллаһтың оған игілігі мен сәлемі болсын, шаригаты мұның күшін жойды. Аллаһ Тағала бұл жөнінде айтқанында: «*Жүргеі иманнан орнықканнан кейін зорлық көрген біреуден басқа біреу; иман келтіргеннен кейін Аллаһқа қарсы келсе, сондай-ақ біреу өз көнілін имансызыдыққа ашып берсе, оларға Аллаһтың ашыу және оларға зор азап бар*». (ан-Нахъ 16: 106).

<sup>11</sup> Фалымдардың арасында бұл хадис жөнінде өзара келіспеушіліктер бар, яғни бұл сөз Пайғамбардың, Аллаһтың оған игілігі мен сәлемі болсын, сөзі ма, әлде Сәлмәннің сөзі ма. Бұл сөздер Сәлмәннің сөздері болған жағдайда да бұл жөнінде о баста Пайғамбар, Аллаһтың оған игілігі мен сәлемі болсын, айтқан, өйткені, өткен замандарда, болашакта да не болғанын, сондай-ақ Тозаққа кім түсіп, Жәннәтқа кім кіргенін сахабаларға тек пайғамбарғана, Аллаһтың оған игілігі мен сәлемі болсын, хабарлай алатын еді.

<sup>12</sup> Аллаһтан басқаның атын атап бауыздалған мен Аллаһтан басқаға арнап бауыздалғаның айырмашылығына көзіл бөлініздер. Соңғысы үлкен ширк екендігін көріп тұрмыз. Ал қазіргі уақытта, өкінішке орай, көп адамдар біріншісіменғана басын қатырып жүр!

ауырған адам жазылуы үшін, не болмаса адам өлген жерде және Құран хатым қылышып болған соң атқарылатын құрбан шалулар жатады. "Ахкему-ззабәих" 47-73.

Бұл - ең көп тараған бидғаттардың түрі, егер біз мал бауыздау кезіндегі түрлі халықтардың арасында тараған бидғаттардың бәрін айтатын болсак, онда оларды тоқтамай айта беруге болар еди.

## **Жануардың етін жеуге рұқсат ететін шарттар жайлы**

**Жеуге рұқсат етілген ет екі түрге бөлінеді:**

**Біріншісі** - бұл ешбір шартсыз жеуге жарамды ет. Олардың катарына жоғарыда айтылып кеткен суда мекендейтін балық секілді тіршілік иелерінің еті жатады.

**Екіншісі** - бұл шаригаттың үкіміне сай бауыздау секілді белгілі бір шарттардан кейін еті жеуге жарамды болатын жануарлардың түрлері.

**Жеуге тыйым салынатын жануардың еті де екі түрге бөлінеді:**

**Біріншісі** - етін жеуге о бастан шаригат тыйым салған жоғарыда айтылып кеткен жануарлар.

**Екіншісі** - еті о бастан адал болып, бірақ белгілі бір себептерге байланысты харам болған жануарлар. Оған: Аллаһтан басқага арнап бауыздалған жануар; не болмаса о бастан еті жеуге жарамды болса да шаригаттың үкіміне сай бауыздалмаған жануар; сондай-ақ, нәжіспен қоректенген жануар, ол тазармайынша, бұл жөнінде анық белгілі болған болса; сол сияқты басқа да себептермен еті харам болған жануарлар жатады. Бұған біз жоғарыда егжей-тегжей тоқталдық.

Кез келген жануардағы (теңіз өлексерінен басқасы) негіз - ол, шаригаттың үкіміне сай бауыздалмайынша, жеуге рұқсат етілмеген болып саналады!

Ал негізінде жануардың етін жеуге жарамды ететін шарт **бесеу**:

**Бірінші шарты: жануарды бауыздаушы мұсылмандардан, христиандардан не болмаса яхудилерден (иудей) болуы керек**

Аллаһ Тағала быттай деді: «**Бұгін сендерге таза ас рұқсат етілді. Кітап иелерінің асы да сендерге рұқсат етілді**». (әл-Маїда 5: 5).

Иbn 'Аббас: «**Кітап иелерінің асы**» - бұл олардың бауыздаган жануарының еті», - деп айтқан. «Сахих әл-Бухари» 4/636.

Бір адам Әбу Дардадан, Аллаһтың оған ризашылығы болсын, өзіне сыйға тартылған «Жәржәс» атты шіркеу үшін сойылған жануардың еті жайлы: «**Бұл етті біз жейік па?**», - деп сұрағанда, Әбу Дарда оны жеуге бұйырып: «**Расында, олар кітап иелері, сондықтан олардың да асы бізге халәл, біздің ас та оларға халәл!**», - деп жауап берген. ат-Табари 6/66. Шейх әл-Әлбани бұл хадистің иснадын сенімді деп тапқан.

Дәл осылай Ибн Мас'уд, Әбу Умама, Мұджахид, Са'ид ибн Джубаир, 'Икрима, 'Ата, Макхуль, Ибраһим ән-Нәх'и, Муқатиль және басқалары айтқан. «Тәфсир Ибн Касир» 2/19.

Христиандар мен яхудилердің бауыздаган жануарларын жеуге болатындығы жайлы мұсылмандардың арасында дау жок. Бұл сұрақта басқа көзқарас жоқтығын имам Ибн әл-Мунзир, хафиз Ибн 'Абдуль-Барр, имам Ибн Қудама және имам ән-Нәуәүи айттып кеткен. Ал бұған тек хауариждер ғана карсы шыққан.

Сондай-ақ, әйел адамның бауыздаган жануарының етін жеуге болады. Алайда, көпшіліктің арасында бұған рұқсат жоқ деген жалған пікір тараған. Ка'б ибн Мәлик, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, быттай деген: «**Бірде бір әйел қойды таспен бауыздан, бұл жайлы Пайғамбардан, оған Аллаһтың иғлігі мен сәлемі болсын, сұрағанында, ол оған оның етін жеуді әмір еткен**». әл-Бухари 5504.

Бұл хадисте әйел адамға жануарларды бауыздауға рұқсат етілгендігін растайтын және пышақ болмаған жағдайда, өткір таспен мал бауыздауға болатындығы туралы айқын дәлел бар.

Ибраһим ән-Нах' и әйел адамының және жас балалардың құрбан шалуы жайлы былай деген: «Егер олар жануарды бауыздай алса және Аллаһтың есімін айтса, онда бұл мәселеде ешбір тосқауыл болар нәрсе жоқ». Са'ид ибн Мансур. Хафиз Ибн Хәжжәр бұның иснадын сенімді тапқан. “Фатхуль-Бари” 9/575.

Имам Ибн әл-Мунзир былай деген: «Галымдардың балалар мен әйелдерге жануарларды бауыздауга болатындығы жөніндегі пікірлері бір, (яғни бәрі мұнның бір ауыздан рұқсат деп тапқан)». «әл-Иджма'» 43.

**Кітап иелерінен басқа, діннен безгендер мен көпқұдайшылдардың бауыздаған жануарларының етін жеуге болмайтындығы жайлы.**

Ибн 'Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деген: «Егер жануарды отқа табынуши бауыздаған болса, онда оның етін, ол Аллаһтың есімін айттып бауыздаса да, жеуши болмаңдар!» 'Абдур-Раззак 8548.

Имам әл-Қуртуби былай деген: «Отқа табынушилардың бауыздаған жануарлары жайлы айтатын болсақ, тура жолдағы барлық галымдар бір ауыздан олардың етін жеуге және олардың әйелдеріне үйленуге тыйым салған, өйткені олар - Кітап иелерінен емес!» “Тәфсируль-Кутруби” 6/77.

**Яхудилермен мен христиандар кәпір болса да, олардың бауыздаған жануарларды жеуге неліктен рұқсат берілген?**

Кітап иелерінің басқа кәпірлерден айырмашылығы - олар өздеріне жіберілген пайғамбарларға иман келтіріп олардың әкелгендеріне сенген, сондай-ақ, оларға Таурат және Інжіл секілді кітаптар түскен. Дегенмен, олар уақыт өте түсірілген кітаптар мен пайғамбарларының жолына өзгертулер енгізіп, тура бағыттан тайды. Ал басқа көпқұдайшылдар жайлы айтатын болсақ, олар пайғамбарларды мойындаған және оларға Кітап та түсірілмеген. Сондықтан, Ұлы Аллаһ Тағала Кітап иелерінің әйелдеріне үйленуге және олардың бауыздаған жануарларының етін жеуге рұқсат берді.<sup>13</sup> “Тәфсир ат-Табари” 3/467 және “Тәфсир ас-Са'ди” 209 қараңыз.

### Екінші шартты: бауыздаушының ақыл есі дұрыс болуы керек

Жануарды бауыздарап жатқан адам, ақыл есі дұрыс, мас емес, сау және кім үшін бауыздарап жатқанын, сондай-ақ, не айттып жатқанын білетін адам болуы керек. “әл-Мутни” 8/581 қараңыз.

### Үшінші шартты: жануар тек Аллаһ үшін бауыздалуы тиіс

Аллаһ Тағала былай деген: «“Расында, менің намазым және құрбаным, сондай-ақ, менің өмірім мен өлімім – серігі болмаған әлемдердің Раббысы - Аллаһ үшін”, - де». (әл-Ән'ам 6: 162-163).

‘Али ибн Әбу Талиб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың иғлігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын келтіреді: «**Аллаһ Өзінен басқаға құрбан еткенді лагыннеттеді!**» Мұслим 1978.

Сондай-ақ, көпқұдайшылдардың мейрамы мен діни рәсімдері өтетін жерде жануарды бауыздауға болмайды. Сәбит ибн ад-Даххак мыналарды жеткізді: «Бірде бір адам Буан деген жерде құрбан шалуға нәзір етіп, осы ісі жайлы Пайғамбардан, оған Аллаһтың иғлігі мен сәлемі болсын, сұрады. Пайғамбар, оған Аллаһтың иғлігі мен сәлемі болсын, ол адамнан: «**Ол жерде адамдардың құлышылық еткен пұты болып на еді?**» - деп сұрады. Ол адам: «Жоқ», - деп жауап

<sup>13</sup> Бірақ, Кітап иелеріне мұсылман әйелдерін тұрмысқа беруге болмайды, және ол неке болып есептелмейді.

берді. Пайғамбар, оған Аллаһтың иғлігі мен сәлемі болсын, ол адамнан, тағы да: «**Ал ол жер көпқұдайшылдардың мейрамдарының бірі өтетін жер ме?**» - деп сұрады. (Әлгі адам) Оған: «Жоқ», - деп жауап берді. Сол кезде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың иғлігі мен сәлемі болсын: «**Нәзіріңді орында!**» - деді». Әбу Дауд 3313, ат-Тәбәрани 1/134. Хадистің сенімділігін хафиз Ибн Ҳәжжәр, шейх әл-Әлбани және 'Абдуль-Қадир әл-Арнаут растиған.

**Төртінші шарты: бауыздар алдында: «БисмиЛләһ», -  
деп Аллаһтың атын айту.**

Ғалымдардың бір бөлігі мұны міндетті деп тапса, басқа бір тобы мустахаб (міндетті емес, бірақ сауапты амал) деген. Мұны мұстахаб дегендер - шағиғи мазхабының ғалымдары. Олар мына хадиске сүйенеді: «**Мұсылманның бауыздаганын, ол Аллаһтың есімін айтса да айтпаса да, жеуге болады!**». Әбу Дауд “әл-Марасиль” 378. Бірақ бұл хадис әлсіз болып табылады.

Сондай-ақ, олар Айшадан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, жеткен мына хадисті дәлелге келтіреді: «**Бірде адамдар: «Бізге арамызда жаңадан Ислам қабылдаган адамдар ет алып келеді, ал біз болсақ оларды бауыздаганда Аллаһтың аты аталды ма жоқ па - білмейміз»,** - деді. Бұған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың иғлігі мен сәлемі болсын: «**Онда сендер Аллаһтың атын айтыңдар да, жеңдер»,** - деді». әл-Бухари 2057.

Негізінде, бұл хадисте мұсылманның бауыздаган жануарын жеуге болатындығы нұскалған, ал жануарға Аллаһтың аты аталды ма, жоқ деген күмәнді қалдыру керек. Имам әс-Сән'әни былай деген: «**Бұл хадисті қөвшілік (адамдар) «жануарды бауыздар алдында Аллаһтың есімін айту міндет емес», - дегенді білдіреді»,** - деп түсінеді. Бірақ, бұл - дұрыс емес, бұл хадис базардагы ет - Аллаһтың аты айтылып бауыздалған жануардың еті ме, әлде басқа жануардың еті ме екендігін бізге білу міндет еместігін білдіреді». “Субуло-Ссәләм” 4/117 қараңыз.

Сондай-ақ, бұл хадисте, кейбіреулер ойлайтында, кез-келген етті жеуден бұрын Аллаһтың есімін атау оны халәл етеді деген нұқсау жоқ, өйткені хадисте етті жаңадан ислам қабылдаған адамдардың алып келгендей айтылған!

Бұл мәселеде Аллаһтың есімін айту парыз деген көзқарас ең күшті пікір болып табылады. Бұған Құранның жеті аяты мен көптеген хадистер дәлел.

**Ұлы Аллаh былай деді: «Егер Аллаһтың белгілеріне иман келтірген болсандар, онда Аллаһтың аты аталғаннан ғана жеңдер».** (әл-Ан'ам 6: 118-119).

**Ұлы Аллаh былай деді: «Оларды тұрғызып қойып, оларға Аллаһтың атын айтындар».** (әл-Хадж 22: 36).

Умм Сәләмадан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, жеткен хадисте пайғамбардың, оған Аллаһтың иғлігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі: «**Жануарларды Ұлы және Құдіретті Аллаһтың атын айтып бауыздандар**». ан-Нәсәи 4368, Ибн Мәжжәх 3152. Хадистің сенімділігін шейх әл-Әлбани растиған.

Сондай-ақ, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың иғлігі мен сәлемі болсын, былай деген: «**Расында, мен сендердің пұттарға арнап бауыздагандарыңды және Аллаһтың аты атамай бауыздалғанды жемеймін!**» әл-Бухари 4/58.

Осыған ұқсас хадистер ете көп.

Ал, бауыздар алдында Аллаһтың есімін айту парыз екендігін айтқан ғалымдардың пікірлері жануарды бауыздаушы адам Аллаһтың есімін айтуды ұмытыш кетсе - ет жеуге жарамды болады ма, жоқ па - деген мәседе әр түрлі болған. «**Аллаһтың есімі атамай бауыздалған жануардың етін жеуге болмайды»,** - деген ғалымдар етті жеуге жарамды ететін шарт - оны бауыздаганда Аллаһтың есімін айту», - дейді. Олар мына аятқа сүйенеді: «**Аллаһтың есімі айтылмағаннан жеңендер, өйткені ол - бұзықтық (пасықтық)**». (әл-Ан'ам 6: 121).

Бұл дәлелге Құран тәпсіршілері олардың арасында Ибн Аббас та: «*Бұл аятта Аллаһтан өзгеге арналып бауыздалған жайлы айтылған*», - деп жауап берген.

Жануарды бауыздағанда Аллаһтың есімін атауды ұмыту, етті жеуге жарамсыз етпейді, бұл 'Али ибн Әбу Талибың, Ибн 'Аббастың, Са'ид ибн әл-Мусайибтың, 'Атаның, Тауустың, Хасан әл-Басридің т.б. пікірі. "Бидаятуль-мұджтахид" 1/448.

Ибн 'Аббас былай деген: «*Расында әр бір мұсылманның бойында Аллаһтың аты бар, егер ол жануарды Аллаһтың атын атауды естен шығарып бауыздаган болса, жей берсін. Ал егер жануарды отқа табынуши бауыздаса, онда ол бауыздарда Аллаһтың атын атаса да, ол жануардың етінен жеуші болмаңдар!*» 'Абдур-Раззак 8548. Ҳафиз Ибн Ҳәжжәр хадистің сенімділігін растаған "Фатхуль-Бари" 9/624.

Имам Ибн Джарир эт-Тәбари былай деген: «*Мұсылманның Аллаһтың есімін атауды ұмытып бауыздаган жануарының етін жеуге рұқсат етілмейді*», - деп айтушылардың сөздері ақиқаттан алыс жатыр, өйткені бұл - әл-жама'аның пікірінен ауытқуышылық». "Тәфсир ат-Табари" 1/52, 8/21.

Бірақ та, егер адам Аллаһтың есімін атау керектігін біле тұра, жануарды бауыздарда Аллаһтың есімін саналы түрде атамаса, онда оны жеуге болмайды!

### **Kітап иелерінің жануарды бауыздарда Аллаһтың есімін айтулары жайлы**

Кітіп иелерінен жануарды бауыздар алдындағы Аллаһтың есімін айтулары жайлы ғалымдардың пікірлерінде айырмашылық бар. Имам аш-Ша'би олар мал бауыздар алдында не десе де жеуге рұқсат еткен, ол былай деген: «*Аллах олардың жануарды бауыздар алдында не дейтіндерін біле тұра бізге олардың етін жеуге рұқсат етті.* 'Ата былай деген: «*Христианның Исаңың атын айттып бауыздаган жануарының етін де жей бер, өйткені Аллах, олардың не дейтінін біле тұра, бізге рұқсат етті*». "Тәфсирұль-Қуртуби" 6/74.

Дегенмен пікірлірдің ең жақсысы және барлық пікірлерді қамтитыны имам аз-Зухри мен Хасан әл-Басридің пікірі: «*Егер де сен олар жануарды бауыздаганда Аллаһтан басқа біреудің атын атаганын естісең, онда ол еттен жеме, ал егер естімесең, онда жей бер. Өйткені, Аллах олардың қәпір екенін біле тұра, бауыздаган жануарларының етін жеуге рұқсат етті*». "Тәфсир әл-Бәйдәуи" 2/298, "Фатхуль-Бәри" 9/552.

### **Бесінші шарт: Екі күре тамырын, тамағын және өңешін сойып қан шығару.**

Аллаһтың елшісі, оған Аллаңғытың игілігі мен сәлемі болсын, былай деген: «*Каны ағызылған мен Аллаһтың есімі аталағаннан гана жеңдер!*» әл-Бухари 2488.

Жануардың еті жеуге жарамды болу үшін оның қанын ағызу міндет болып табылады. 'Ата былай деген: «*Бауыздау – бұл күре тамырларды сою*». Ибн 'Умар, Ибн 'Аббас және Анас былай деп айтқан: «*Егер жануардың басын толығымен сойып (кесіп) алса, бұнда тұрган ешнәрсе жоқ*». "Сахих әл-Бухари" 4/573.

Дегенмен, егерде қашып бара жатқан жануарға, не болмаса аң аулап жүріп, жануар Аллаһтың атын атап оқ атса, онда, оқ жануардың қай жеріне тигеніне қарамастан, жануар өліп кетсе де, ол жануардың етін жеуге болады. Рафи' ибн Хадиџ, оған Аллаһтың ризашылығы болсын былай деген: «*Бірде біз пайғамбармен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Зуль Хуләйфәда болған уақытымызда біздің бір түйеміз қашып кетті де, адамдар оны әбден шаршап күштері таусылғанша құды. Ол кезде біздің жылқыларымыз аз еді. Сонда, олардың біреуі түйеге оқ атып, осылайша Аллаh оны тоқтатты. Осыдан кейін Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Расында, бұл жануарлардың кейбірі жабайыланып жабайылған жадар сияқты болып кетті, егер бұлардың бірі сендерге бағынбаса, осылай жасаңдар», - деді*». әл-Бухари 2488, Мұслим 1986.

'Ади ибн Хатим, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деген: «*Бірде мен пайғамбардан, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жебемен өлтірілген аң жайлы сұрағанымда, ол: «Өткір ұшымен өлтірілгенде жеуге болады, ал таяқпен өлтірілген жайлы*

**айтатын болсақ, онда ол - уақиз<sup>14</sup>», - деп жауап қатты. Сондай-ақ, мен пайғамбардан, оған Аллаhtың иегілігі мен сәлемі болсын, аң аулайтын итпен ұсталған аң жайлы сұраганымда, ол маган: «Оның сен үшін ұстаганын жеуіце болады, өйткені бұл сениң бауыздаганыңмен тен. Ал егер де сен өзіңнің итіңнің жанынан басқа итті тапсан, және ол иттің сениң итіңмен бірге аулап құсты шайнап тастагандығы жайлы күмәнің болса, онда оны жеме. Өйткені, сен Аллаhtың есімін өзіңнің итіңе ғана айттың, ал басқа итке айтпадың». әл-Бухари 5375, Мұслим 3/1529.**

Алайда, аң аулауға үйретілмеген иттің ұстағанын жеуге болмайды, ол өліп қалмай тұрып бауыздап үлгерсең ғана – болады. Эбу Са'ляба әл-Хушани, оған Аллаhtың ризашылығы болсын, мыналарды жеткізген: «Бірде мен: «Иә, Аллаhtың пайғамбary, біз Kитap иелерінің қарамағындағы жерде тұрамыз. Біз олардың ыдыстарынан тамақ жей аламыз ба? Сондай-ақ, ол жерлерде аң көп; мен оларды садағыммен атып аламын және үйретілген және үйретілмеген итіммен аулап аламын. Ендеше, осылардың қайсысын жеуіме болады», - деп сұрадым. Ол маган былай деп жауап берді: «Сениң Kитap иелері жайлы айтқандарыңа тоқталсақ, онда мүмкіншілік болса олардың ыдыстарынан тамақ ішпегендерің жақсы, ал егер ондай мүмкіншілік болмаса, онда олардың ыдыстарын жуып қолдана беріңдер. Сен Аллаhtың есімін айттып атқан оғың мен үйретілген итің (оны аңға салар алдында Аллаhtың есімін айттып жіберіп) ұстаган құсты жей берсең болады. Ал үйретілмеген иттің ұстаганын да, ол өліп кептейінше оған Аллаhtың атын айттып бауыздап үлгерсең, жеуіце болады». әл-Бухари 5478.

### **Жануарды немен бауыздай керек?**

Жануардың қанын шарифат тыйым салмаған кез-келген өткір затпен ағыза беруге болады, Пайғамбардан, оған Аллаhtың игілігі мен сәлемі болсын: «Расында, ертең осы жерге жау келеді, деп ойлаймыз, ал біздің пышағымыз жоқ, сондықтан жануарларды қамыспен (құрақпен) бауыздай берсек болады ма?», - деп сұраганда, оның былай деп жауап бергені жеткізіледі: «Қаны ағызылғанды ғана және Аллаhtың есімі аталағанды ғана жеңдер. Бірақ, жануарды синнамен және зуфрамен бауыздайшы болмаңдар. Бұның мәнісін мен сендерге түсіндірейін: синна жайлы айтатын болсақ, ол - сүйек, ал зуфра жайлы айтсақ, ол - эфиопиялықтардың пышағы». әл-Бухари 2488, Мұслим 1986.

Пайғамбардың, оған Аллаhtың игілігі мен сәлемі болсын: «Қан ағызуга мүмкіншілігі бардың кез келгенімен бауыздай беруге болады», - деген сөздері қан ағызуға жарайтын нәселердің бәрін қамтиды. Бұған темір де, мыс та, әйнек те, өткір тас та, қамыс та және басқа көптеген нәрселер кіреді. Дегенмен, қындық тудырмаса, өткір пышақпен бауыздыған абзal.

Тұракты Комитеттің ғалымдары<sup>15</sup> (әл-Ляджнату-ддайма) былай деген: «Егер жануарды бауыздай оңай болу үшін оны электр тогымен есінен тандырып құлатса, онда бұлай бауыздалған жануардың етін жеуге болады. Бірақ, жануар электр тогынан өлген болса, онда оның етін жеуге болмайды, өйткені ол - өлексе». “Фатауа әл-Ляджнати-ддайма” 22/445.

### **Анасының бауыздалғаны, жатырдағы баласының да бауыздалғаны болып саналады.**

Әбу Са'ид бірде пайғамбардан, оған Аллаhtың игілігі мен сәлемі болсын: «Иә Аллаhtың елисі, біз түйе, не сиyr, не қой бауыздаганда ішінен баласын тауып жатамыз. Біз не істеуіміз керек, оны жейміз бе, алде тастауымыз керек пе?» - деп сұрағанда, Пайғамбар, оған Аллаhtың игілігі мен сәлемі болсын: «Қаласаңдар - жеңдер, өйткені малмен бірге оның

<sup>14</sup> Уақиз – бұл жүзі жоқ таяқпен, таспен ұрып өлтірілгендер. Бұндайда жеуге болмайды. “Уаджиз” 1/404.

<sup>15</sup> Тұракты комитет – бұл Сауд Арабиясы ғалымдарының Жоғарғы Кенесі. Кезінде оны шейх ибн Баз басқарған. Қазіргі уақытта ‘Абдуль-‘Азиз Али Шейх басқарады.

*жатырындағы да бауыздалған есептелеңді», - деп жауап берді. Әбу Дауд 2827, ат-Тирмизи 2/72. Хадис сахих.*

Буаз жануар жайлы айтсақ, онда бұған тыйым жоқ, ал енді кім бұнымен келіспесе, онда дәлелдерін көлтірсін.

## Кейбір құмәндарды тарқату

Кейбір адамдар үлкен құнәләр жасайтын мұсылмандардың бауыздаған малын жеуге тыйым салады және бұны тақуалық пен құмәнді нәрседен қашу деп санайды. Алайда, бұл – Пайғамбарымыз, Аллаһтың оған игілігі мен сәлемі болсын, тыйым салған шектен шығушылық. Ол: «*Дінде шектен шығудан сатаныңдар, өйткені сендерге дейінгілерді діндеріндегі шектен шығу құртқан*», - деп айтқан. ан-Нәсәи 4/49, Ибн Мәжжәһ 3/29, Ибн әл-Джаруд 473. Хадистің сенімділігін Ибн Хузәймә, Ибн Хиббән, әл-Хаким, аз-Захәби, ан-Нәүәүи, Ибн Тәймия, Әхмәд Шакир, әл-Әлбани растаған.

Шейхуль-Ислам Ибн Тәймия быттай деген: ««*Шектен шығудан сақтанаңдар*» - деген сөздің нанымга да, амалға да жалпылай қатысы бар». “әл-Иктида” 1/328.

Хафиз Ибн’Абдуль-Бар быттай деген: «*Расында, мұсылманның бауыздаганын жеуге болады және ол жануарды бауыздар алдында Аллаһтың есімін аузына алды деп есептегу қажет, өйткені, мұсылман жайлы, оның теріс амалы дәлелденбейінше, жақсы пікірде болу керек!*» “Найполь-аутар” 4/327.

Еттің жағдайы жануарды бауыздаушының жағдайымен байланысты. Ғалымдардың жалпылай келісімі бойынша бауыздаған адам мұсылман болып, оның Исламнан шығаратын амал жасағанын ешкім көрмесе, ол бауыздар алдында Аллаһтың есімін атағаны белгісіз болса да, оның бауыздаганын жеуге болады! “Ахкаму-ззабаих” 57.

Кім өзін мұсылман санап, бірақ бойынан имансыздықтың кейбір нышындары байқалса, не болмаса намазды орында маса<sup>16</sup>, ондай адамды, оған дәлелдер жеткізелмегенге дейін, имансыз, яғни кәпір, деп санауга болмайды. Бұл әсіресе ғалымдары жоқ елдерге қатысты. «*Намазды жалқаулықтың салдарынан оқымау адамды діннен шығарады*», - деп есептейтін Шейх Салих Али Шейх быттай деген: «*Адамның намаз оқымағанына байланысты оның тек намаз оқымағаны үшін діннен шыққандығы жайлы үкімі щығарылмайды. Бірақ, намаз тастанған адам діннен шығады деп жалпылай айттылады. Ал белгілі бір адам жайлы айттатын болсақ, оны күпірлікте айыпта, оған имансыздардың үкімін шығару үшін қазының шешімі керек. Ал қазы, шешім шығармас бұрын, ол адамнан оның көніліндегі бүкіл құмәнін тарқатып тәубеге келуді талап етуі шарт*».<sup>17</sup> “Шарху Арба’ина-н-Нәүәүи” 21.

<sup>16</sup> Ғалымдардың бірауызды келісімі бойынша (*иджма’*), намазды саналы түрде орындалмай жүрген және оның парыз екендігін теріске шығаратын адам кәпір болып табылады. Жалқаулықпен және ықылассыздықпен намазды орындалмай жүрген адамға келер болсақ, ол туралы әхлю-Сунна ғалымдарының пікірлері әртүрлі болып кетеді. Бұл енбекте даулы мәселені толығымен камту мүмкін емес, бірақ намазды жалқаулықпен тастан қою адамды Исламнан шығармайды деп айттатын ғалымдардың пікірі күштірек болып табылады. Имам Ахмадтың өзі, төрт имамның ішіндегі намазды қалдыруды үлкен күпірлік деп есептеген жалғыз имам, быттай дейтін: “*Адам үлкен күпірдайшылдықтың немесе Аллаh парыз еткен нәрселерді теріске шығарудың себебінен басқа себептен Исламнан шықпайды! Ал парыздардың қайсы бірін жалқаулықпен қалдырып жүрген адамға келер болсақ, оны үкімі Аллаhқа тәуелді, және Ол қаласа - оны жазалайды, ал қаласа - кешіреді!*” “Табакъатуль-Ханабаля” 1/343.

Ал намазды қалдырган адам күпірлік жасады, немесе күпірлікке түсті деген хадистерге келер болсақ, оларда кіші күпірлік мензелген, әрине, егер ол адам намаздың парыз екендігін тәрк етпеген болса. Және күпірлік кіші және үлкен күпірлік болып екіге бөлінетіндігі жонінде әхлю-Суннаның арасында пікірталас жоқ. Және ең бастысы, намазды орындау мәселесіне байланысты түрлі пікірді ұстанатын адамдар бұл келіспеушіліктің шаригатта орынды келіспеушілік болып табылатындығын түсінуі үшін, шейх Салих аль-Фаузан айтқанында, намазды орындалмайтын адам кәпір болып табылады дейтіндер - хауариж емес, ондай адамды кәпір деп есептемейтіндер - муржия емес!

<sup>17</sup> Қазының намаз оқымағтын мұсылманды Исламға емес - намазға шақыруы, оның кәпір емес екендігін көрсетеді. Имам ат-Тахауи быттай деген: «*Намазды тастанған адамның кәпір емес екендігіне нұсқайтын нәрселердің*

Белгілі бір адамның бауыздаған жануарының етін жеуге болмайды деп айтуда, ол адамды күпірлікте айыптаумен тең, өйткені, кәпірдің ғана бауыздаған малын жеуге болмайды. Ал адамға айыптаудың бүкіл шарттарын қамтымай, дәлелсіз күпірлік айыбын тағу - өте үлкен күнәләрдің қатарына жатады. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «*Мұсылманды күпірлікте айыптаған, оны өлтіргенмен тең!*», - деп айтқан. ат-Тәбәрани хадисті сенімді деген. «Сахихуль-джами'» 6269.

Имам әл-Куртуби былай деген: «*Күпірлікте айыптау – көп адам оның алдына келіп, сүрінген - қатерлі есік. Және ол есіктің алдына келіп таңдаулылар гана тоқтады, және құтылды, ал құтылудан жақсы не болмақ*». «әл-Муфхим» 3/111.

Хафиз Ибн 'Абдуль-Барр былай деген: «*Пікірталас болмаган нәрседен өзгенің негізінде күпірлікте айыптаамау керек*». "ат-Тамхид" 17/22.

Шейхуль-Ислам Ибн Тәймия былай деген: «*Күпірлікте айыптаудың өзі нақты бір адамға байланысты әр түрлі болуы мүмкін, өйткені кез келген қателесуші, дінбұзар (бидгатышы), надан (жәниль), не болмаса адасуши – кәпір, не пасық, не тіпті қарапайым күнәндер болып табылмайды*». "Минхаджу-Сунна" 5/250.

Ибн Тәймия, сондай-ақ, былай деген: «*Мұсылманның ешқайсысына өзге мұсылманды, оған дәлел (хужжә) келтірмейінше, күпірлікте айыптауга рұқсат етілмейді, тіпті ол шын мағынасында қателескен болса да, немесе адасу жолына түскен болса да*». "Маджму'уль-фатауа" 12/468.

Хафиз Ибн Хәжжәр былай деген: «*Кімнің Исламы айқын болса, ол адам ашиқ дәлелдерсіз Исламнан шығарылмайды*». "Фатхуль-Бари" 2/314.

Шейх Мухаммад ибн 'Абдуль-Уаххаб былай деген: «*Менің жауларым мен туралы: «Ол өз тұжырымының негізінде гана, немесе (адамды) кәпірлерге сүйіспешлікте болғаны үшін күпірлікте айыптаїды», не болмаса: «Ол дәлел жетпеген надан адамдарды күпірлікте айыптаїды»*», - деп айтады. Бұның бәрі - адамдарды Аллаһ пен Оның елшісінің, Аллаһтың оған игілігі мен сәлемі болсын, жолынан тайдауру үшін тағылған ұлы жала!» "Маджму'у муалифат уа-прасаш" 3/14.

Сондай-ақ, Мухаммад ибн 'Абдуль-Уаххабтан намаз оқымайтын адамды күпірлікте айыптау жайлы сұрағанда, ол былай деп жауап берген: «*Исламның ұстыми бесеу, олардың біріншісі екі күәлік (яғни Аллаһтан басқа сыйынуга лайықты Құдай жоқ және Мухаммад - Аллаһтың елшісі, деп күәлік беру). Осыдан кейін төрт негізі тұрады. Егер біреу бұлардың міндепті екенін мойында, осылардың бірін тастаса, біз ол адамды өлім жазасына кессек те, оларды тастағаны үшін оны күпірлікте айыптаамыз! Фалымдар намазды жалқаулықпен оқымаған адамдар жайлы көзқарастары бөлінген, ал біз ғалымдар бірауызды келісімде болған нәрседен өзге нәрседе күпірлікте айыптаамыз, ал ол – тек екі күәлік гана*». "ад-Дарапу-ссания" 1/102.

Шейх Мухаммад ибн Салих әл-'Усаймин былай деген: «*Адамды күпірлікте және пасықтықта айыптау хақы, бізге емес, Аллаһ пен Оның елшісіне гана берілген. Бұл -Құран мен Сұннетке қайтаруымызға тиісті болған діни мәселелер қатарына жатады. Және біз күпірлік пен пасықтықта тек Құран мен Сұннет айыптағандарды гана айыптаймыз*». "әл-Қауа'идуль-мислий фи сифати-Лілляхи уа асмаихиль-хусна" 78.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы бізге күпірлікте айыптаудың (тәқфир) өте қауіпті мәселе екендігін нұсқайды. Бұған, сондай-ақ, пасықтықта айыптау (тәғсік) және дінге жаңалық енгізушілікте айыптау да (тәбди') жатады. Сұннет жолындағылар (ахло-Сунна уәл-жәмә'а) күпірлік жасаған мұсылманды, оған жасаған амалына айғақ келтірмей, кәпір демейді. Ал айғақ келтіру хұқы адамның біліміне байланысты беріледі.

---

*бірі біз кәпір адамға намаз оқуды бүтірмаймыз, ал егер намаз оқымаған адам кәпір болатын болса, онда біз одан әуелі Исламды қабылдауын талап етік те, содан кейін намаз оқуды талап етеміз. Бірақ, біз олай істемей, бірден намаз оқуды талап етеміз, өйткені ол онсыз да мұсылман.*» "Мушкилюль-асар" 4/228.

Құран мен Сұннет амал мен амал жасаушының арасын айырады, өйткені, құпірлік жасаған адамдардың бәрі кәпір бола бермейді. Соңдай-ак, Исламның қандай-да бір шарттың теріске шығаруши мен оны қате түсінушінің (тәуіль) арасындағы айырмашылық үлкен, өйткені, біріншісі кәпір болып табылады да, ал екіншісі оған жатпайды. Соңдай-ак, жалпы ереже мен білгілі бір ереженің арасында да айырмашылық бар. Мысалы, «Құран жаратылған», - деп айтқан адам кәпір болады», - деген бірауызды пікір бар (ижмә), бірақ бұған қарамастан бұны белгілі бір мұсылман не болмаса мұсылмандардың белгілі бір тобы айтса, мәселе басқаша қарастырылады. Бұл жайлар шейхуль-Ислам Ибн Тәймия бытайдеген: «Кейбір мұсылман басиылары жәхмилердің: «Құран жаратылған, ешкім Аллаһты болашақ өмірде көре алмайды», - деген және т.б. көзқарастарын құптаған. Олар бұны адамдардың арасында уағыздап, өздерінің шақыруларына жауап бермегендерді жазалап, өздеріне ілеспегендерді құпірлікте айыптаап, азаптаған. Олар біреуді тұтқынга алса, ол солардың «Құран – маҳлүк» деген сенімдерін мойында майынша босатпаған. Олар жергілікті әкімдіктерге тек осыны мойындағандарды гана қойған және соңдай адамдарға гана қазынадан көмек беретін. Алайда, имам Әхмәд Аллаһтан оларға рахым етуін және оларды кешіруін тілейтін, өйткені ол олардың осынысы арқылы Аллаһтың елисінің, оған Аллаһтың иғлігі мен сәлемі болсын, алып келгендерін тікелей теріске шығармайтын, алайда олар қасиетті мәтіндердерге қате түсіндірме жасайтын және осыған өздерін үйреткен адамдарға соқыр сеніммен ілесетін». “Маджму’уль-фатауа” 3/229-231.

Сонымен, кез келген мұсылман, мейлі ол құпірлік жасап жүрген болса да, оған дәлел жеткізіліп және ол кәпір деп жарияланбағанынша, Исламнан шықпайды. Өзін мұсылманымын деп санаған әрбір адамға мұсылманға қатысты ережелер жүреді, оны білім иелері және осы үкімді шығаруға құзыреті барлар құпірлікте айыптаамағынша. Бұл шарт намазға да қатысты, өйткені саләфтардан (сахабалардан, олардың ізбасарларынан болған иті алдыңғы буын өкілдері) бері келе жатқан намазды қалдырығандар жайлар пікірлердің түрлілігіне қарамастан, «Намазды оқымау - діннен шығаратын құпірлікке жатады», - деп есептейтін ғалымдардың өзі белгілі бір адамға, оған дәлел жеткізілгендігі айқын болмайынша, кәпір демейді.<sup>18</sup> Намазды жалқаулықпен қалдыру үлкен құпірлік, деп санаған шейх Ибн Ұсаймин былай деген: «Көпқұдайшылдық, құпірлік, Аллаһтың қаһарын тудыратын нәрселерді жасаған біреуді мүшрик, кәпір, лагнептеген деп айыптауга болмайды, өйткені бұл мәселе қаулы шығарудың өзіндік себебтері мен тыйымдары бар. Біз өсім жеумен айналысушыға ол лагнептеген, деп айтпаймыз, өйткені оған Аллаһтың лагнептінің түсуіне білімсіздік, күмән секілді нәрселер кедергі болуы мүмкін. Көпқұдайшылдық да қатысты осылай. Біз көпқұдайшылдық амалдарын жасап жүрген белгілі бір адамды мүшрик, деп айта алмаймыз, өйткені, сол жерді мекендейтін ғалымдардың салғарттықтарының себебінен, оған дәлел (ақиқат) жетпеген болуы мүмкін<sup>19</sup>. ...Әруақтардан қомек сұрау көпқұдайшылдық болып табылады, алайда осындаі амал жасап жүрген белгілі бір адамды, оған дәлелдің (ақиқаттың) жеткені толық айқын болмайынша, мүшрик деп атаптауга болмайды». “әл-Қаулюль-муғид шарх Китәби-ттаухид” 29-30.

<sup>18</sup> Ғалымдардың бәрі бір ауыздан намаз оқудың парыздығын теріске шығарып намаз оқымаған адам имансыз, яғни кәпір деп айтқан. Ал намазды жалқаулықпен не болмаса салғырттықпен орындаған адам жайлар ғалымдардың пікірлері әр түрлі. Біздін бұл жерде пікірлердің бәрін талқылауга мүмкіншілігіміз жок, бірақ намазды жалқаулықпен оқымаған адам діннен шықпайды деген пікір басымырақ. Төрт мазхаб ғалымдарының ішіндегі жалғызы: «Намазды қалдыру үлкен құпірлікке жатады», - деп айтқан имам Ахмадтың өзі: «Адам Исламнан тек үлкен ширкпен, яғни көпқұдайшылдықпен не болмаса Аллаһтың парыз еткендерінің бірін теріске шығарған жағдайдаға ғана шығады! Ал парыздардың бірін жалқаулықтың салдарынан қалдырыған Адам жайлар айтатын болсақ оның жәйі Аллаһтың қолындаған. Аллаһ қаласа оны кешіреді де, ал қаласа жазалайды. “Табакъатуль-Ханабала” 1/343.

<sup>19</sup> Егер шейх Ибн Ұсаймин себеп ретінде адамдарға ақиқатты жеткізуде салғырттық қорсетіп жатқан ғалымдарды атап жатқан болса, онда ғалымдар мұлдем жок Ресей немесе Еуропа сияқты елдерінің мұсылмандары туралы не айтуга болады?!

Адамдарға дәлелді білім иелері жеткізуі керек. Ал қазіргі уақытта, өкінішке орай, көп жағдайларда кеше ғана өзінің құнәламен елге танылған адамдар бүгін келіп кітапшадан хадис келтіріп, дәлел жеткіздім деп есептейді.

Ал көптеген елдердегі мұсылмандардың жағдайына көз тастайтын болсақ, олар үлкен ширк пен кіші ширктің айырмашығы жайлы қарапайым білімдері болмай тұрып адамдардың бәрін құпірлікте айыптай бастады. Олардың кейбірі адамдардың ниеттеріне кіріспін кім екіжүзді, кім ықыласты, кім ықылассыз, кім такуа, ал енді кім такуа емес екендігі жайлы да айта бастады. Адамдардың жүргегінде не бар екенін бір Аллаһ қана біледі. Ал адамдардың жүргегінде не бар екендігі жайлы айтып жүрген надандар жайлы айтар болсақ, бұл істің басын хауариждердің атасы болып табылатын Зу Хууайсар салып кетті. Ол кезінде Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп: «*Иә Мұхаммад, Аллаһтан қорық, әділ бол!*», - деп, не болмаса, басқа хадисте келтірілгендей, олжа бөліп жатқан пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп: «*Бұл ықылассыз жасалды*», - деп айтқан. Ол адам осы сөздерді айтқанда Халид ибн Уалид: «*Иә Аллаһ елшісі, мен оның басын шауып алаіын ба?!*», - деді. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «**Жоқ, өйткені ол намаз оқитындардан болуы мүмкін**», - деген. Халид: «*Ал жүргегінде гісімен сәйкес келмейтін намаз оқушылар қаншама!*» - деді. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «**Расында, маган олардың жүргегіне қарауда, іштерін ашу да бұйырылмады**<sup>20</sup>», - деді. Осыдан кейін пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамға қарап: «*Расында, осы адамның ұрпақтарының арасынан Аллаһтың Кітабын жұмсақ дауыспен оқитын, бірақ оқыганы тамағынан төмен түспейтін адамдар пайда болады. Жебе садақтан қалай ұшыт шықса, олар да діннен дәл солай ұшыт шығады!*» - деп айтты. әл-Бухари 4351, Мұслим 164.

Сондай-ақ, ТМД елдерінің жастарынан мынадай сөздерді жиі естисің: «Осы елдің кәрілері де басқалары да «бисмиЛләх» сөзінің мағынасын да білмейді, сондықтан олардың бауыздығанын қалай жемекпіз?!». Айшадан жеткен хадисте былай делінеді: «Адамдар: «*Иә Аллаһтың елшісі, бізге адамдар ет алат келеді, ал біз болсақ оған Аллаһтың аты айтылды ма жоқ па білмейміз*», - деді. Аллах елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оларға: «**Онда оған Аллаһтың есімін өздерің айтыңдар да, жей беріңдер**», - деді». әл-Бухари 2057.

Осы хадис олардың сөздерін жоққа шығарады, өйткені мұсылманшылықты жаңадан қабылдаған бұл адамдар да діннің барлық шарттарын толық білмеген еді және жануарды бауыздар алдында Аллаһтың есімін айту керектігін білмеулері де мүмкін еді, бірақ бұдан олардың бауыздыған жануарларының еті харам болмады.<sup>21</sup>

Жоғарыда айтылғандардан кез келген мұсылманның бауыздыған жануарының етін жеуге болатындығы айқындалып тұр, мейлі ол тақуа болсын, не пасық болсын.

Сондай-ақ, көп адамдар: «Бұгінгі қуннің христиандары бұрынғы христиандар секілді емес, олар мал бауыздығанда әкенін, баланың және қасиетті рухтың атымен бауыздайды», -

<sup>20</sup> Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сөздеріне, яғни оған қандай нәрсеге қоңілін бұрыу бұйырылғандығына назар салыңыз!

<sup>21</sup> Білмегендік кез келген адамға актау бола алады, тіпті бұл иман мен құпірлік мәселелеріне қатысы болса. Аллах Тағала былай деген. «**Біз адамдарды, оларға елші жібермей, ешқашан жазалаған емеспіз**». (аль-Исра 17: 15).

Абу Хурайрадан жеткен бір хадисте пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтірледі: «**Мұхаммадтың жасы қолында болғанның атымен айт етемін, мен жайлы естін менің, алып келгендеріме иман келтірместен өлген кез келген христиан мен яхуди от тұргындарынан болады**». Мұслим 153.

Имам ан-Нәүеүи: «Кімге Ислам шақыруы жетпеген болса, ол ақтауга лайықты болады», - деген. «Шарх Сахих Мұслим» 2/342.

Ибн Тәймия қөпкүдайшылдық жасап жүрген надан мұсылмандар жайлы былай деген: «*Кейінгі ұрпақ арасында надандық тарап, Жолдау туралы ақырат ілімдерінің азауына байланысты, Аллаһтың елшісі алып келген нәрсе мен оған қайши келетін нәрсelerдің айырмашылығы оларға айқын болмайынша, оларды бұл үшін(қөпкүдайшылдық) құпірлікте айыптауга болмайды*». «Раду ‘аляль-Бакри» 336..

деп күмән таратып жүр. Ал пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кезіндегі Кітап иелері өзге болды ма, олар ұштік жайлышты айтпады ма?! Аллаһ Тағала былай деді: «Расында: «Аллаһ - ұштіктің ұшіншісі!» - дегендегер кәпір болды. Бір Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ. Егер олар бұл айтқандарынан тыйылмаса, олардың ішінен кәпірлерге құйзелтуші азап кездеседі». (әл-Маида 5: 73)

Сондай-ақ, Ұлы Аллаһ Тағала былай деді: «Расында: «Аллаһ - ұштіктің ұшіншісі!» - дегендегер кәпір болды. Бір Тәнірден басқа тәнір жоқ. Егер олар бұл айтқандарынан тыйылмаса, олардың ішінен кәпірлерге құйзелтуші азап кездеседі!» (ат-Тауба 9: 30).

Всевышний Аллах также сказал: «Иудеи сказали: “Узайр – сын Аллаха”. Христиане сказали: “Мессия (Иса) – сын Аллаха”. Они произносят своими устами слова, похожие на слова прежних неверных. Да погубит их Аллах! До чего же они отвращены от истины!» (ат-Тауба 9: 30).

Сондай-ақ, кейбір адамдар бауыздаган етін жеуге рұқсат етілген Кітап иелері - тек яхудилердің ғана дейді. Имам Ибн Джарир ат-Табари былай деген: «Имам Шафи'идің айтқаны мен оның «Кітап иелерінің асы сендерге рұқсат етілген», - деген аятты: «Бұл аятта Исраил ұрпақтарынан Таурат пен Інжіл түсірелген яхудилер мен христиандар айтты», - деп тәспірлеуі қате болып табылады. Дұрысы - бұл тұжырымға қайши келетіні және басқа галымдардың: «Адам ұрпақтарынан болған кез-келген яхуди мен христиандардың бауыздаган жануарының етін жеуге рұқсат етілген», - дегені». «Тәфсир ат-Табари» әл-Майдә» сүресі 5-аятының тәспірі.

‘Али ибн Әбу Талибтің Бану Тағлиб руының адамдарының бауыздаган жануарларының етін жеуге болмайды, деп айтқан пікірі де осы қатарға кіреді. Ол: «Бану Тағлиб христиандарының бауыздаган жануарларының етін жемеңдер, өйткені олар шарап ішудегана христиандарға үқсайды», - деген. әт-Табәри 8897.

Олар Кітап иелерінің дінін дұрыс ұстанбағандықтарынан және Кітап иелерінің шараптан басқа тыйым салған нірселері мен рұқсат еткен нірселерін мойында мағандақтарынан, ‘Али солай ойлаған. Бірақ, бұған қарамастан Ибн ‘Аббас, Ҳасан әл-Бәсри, ‘Икрима, әш-Шә’би, Ибн Шихәб аз-Зухри, ‘Ата және Қатадә - Бәну Тағлиб руының христиандары бауыздаган жануарының етін жеуге және олардың әйелдеріне үйленуге рұқсат етіледі деп тапқан. “Тәфсир әт-Табәри” 5/169.

Шейхуль-Ислам Ибн Тәймия былай деген: «Пайғамбардың сахабаларының басым көпшілігі Бәну Тағлиб руының жануарларын жеуге тыйым салмаған және ‘Алиден басқа біреудің тыйым салғанын кездестірмеген. Галымдар: «Ең дұрыс пікір - Омар мен Ибн Аббастың: «Олардың бауыздаган жануарларының етін жеп, әйелдеріне үйленуге болады», - деген пікірі», - деп тапқан. Әбу әл-Асрәм былай деген: «Мен Алиден басқа ешбір сахабаның мұны дұрыс емес деп тапқанын кездестірген емесін». “Маджму’уль-фатауа” 35/678.

Озін христиан немесе яхуди деп санайтын және олардың дінін ұстанатын кез келген адамның, мейлі ол еврей ұлтынан болсын немесе басқалардан болсын, бауыздаган жануарының етін жеуге болады. См. «аль-Джами’» 1/663. Және, олар - пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кезіндегі Кітәп иелері ме, әлде осы кездегі Кітап иелері ме - онда айырмашылық жоқ. Пайғамбар мен оның сахабаларының кезінде рұқсат етілген нәрселердің бәрі Ақырет күніне дейін рұқсат етілген болып табылады.

Ибн Аббастан: «Арабтардың арасынан болған христиандардың бауыздаган жануарларының етін жеуге болады ма?», - деп сұрағанда, ол: «Жей беріндер, өйткені Аллаһ былай деді: «Егер сендерден біреу оларды (Кітап иелерін) өзіне дос санаса, онда өзі солардан болып табылады». (әл-Маида 5: 51). “Тәфсир Ибн Касир” 2/215.

«Кітап иелерінің асы да сендерге халәл етілді», - делінген аят жалпылама болып табылады, онда барлық Кітап иелері туралы айттылуда. Ал мұнда Исраил ұрпақтары ғана аталған деп нақтылауға не Құранда, не Сұннэтте ешбір нұсқама келмеген. Сондай-ақ, «Қазіргі кездегі Кітап иелері бұрынғы Кітап иелеріндей емес, сондықтан бұлардың

бауыздаған жануарларының етін жеуге болмайды», - деп айту ешбір негіссіз болып табылады. Егер бұған қажеттілік болғанда, онда Пайғамбар, оған Аллаһтың итілігі мен сәлемі болсын, міндегі түрде бұны айттып өтер еді, өйткені ол ескертуге тиісті ешбір нәрсені ескертусіз қалдырмаған. Бұған дәлел - пайғамбардың, оған Аллаһтың итілігі мен сәлемі болсын, мына сөздері: «*Сендерді Жәннатқа жақындалатын амалдардан мен сендерге атамаі қалдырып кеткен ешбір нәрсе жоқ, және сендерді Тозаққа жақындалатын амалдардан мен сендерге тыйым салмай қалдырып кеткен ешбір нәрсе жоқ!*» ат-Тәбәрани. Хадис сахих. “ас-Сильсиля ас-саҳиха” 2866.

Сондай-ақ, кейбіреулер Кітап Иелері бауыздаған жануардың етін жеуге болады дегенмен келісіп: «...бірақ олар жануарды бауыздаудың орнына түрлі заттармен улап не болмаса тоқпен және т.т. амалдармен өлтіреді, сондықтан Кітап иелерінің бауыздаған жануарының етін жеуге болмайды», - дейді.

Аллаһ Тағала мен Оның елшісі, оған Аллаһтың итілігі мен сәлемі болсын, жануарды бауыздаған адам мұсылман, христиан не яхуди болса, онда бізге жануардың сойылу тәсілін зерттеуді әмір етпеді. Бұған Айшаның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, келтірген мына хадисі дәлел: «*Адамдар: «Иә Аллаһтың елшісі, бізге адамдар ет алып келеді, ал біз болсақ оған Аллаһтың аты айтылды ма жоқ па білмейміз», - деді. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың итілігі мен сәлемі болсын, оларға: «Онда оған Аллаһтың есімін өздерің айтыңдар да, жей беріңдер», - деген».* әл-Бухари 2057.

Сондай-ақ, Анастан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, мына хадис келтіріледі: «*Хайбар жорығы кезінде Пайғамбарга, оған Аллаһтың итілігі мен сәлемі болсын, бір яхуди әйел қойдың етіне ү жағып, қуырып алып келді де, пайғамбар, оған Аллаһтың итілігі мен сәлемі болсын, одан ауыз тиді. Ол ет уланғандығын Аллах оған ашқан кезде, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың итілігі мен сәлемі болсын, оны жеуіді тоқтатады».*<sup>22</sup> әл-Бухари 2617, Мұслим 2190.

Сонымен, бұдан біз Пайғамбар, оған Аллаһтың итілігі мен сәлемі болсын, яхуди әйелден қойдың қалай бауыздалғанын, бауыздар алдында оған Аллаһтың есімі айтылды ма жоқ па, ол оны сұрастырмағанын көреміз.

Көп адамдар өздерінің діннің кейбір ережелерін қындалатып жатқанын тақуалық деп ойлайды. Негізінде, тақуалық дегеніміз - Құран мен Сұннетке сәйкес келетін нәрселер, ал шарифат амалдардың қындығына емес – дұрыс орындалуына қарайды. Ұлы Аллаһ Тағала бұл дінді қындық үшін емес женілдік үшін түсірген, өйткені бұл жайлыш Құранда быттай делінеді: «*Аллаһ сендерге қындық қаламайды, женілдік қалайды*» (әл-Бақара 2: 185).

Шаригатта күмән келтірсек күмәнді тастауың керек, деген үкімдер бар, бірақ мұның шаригаттың берген женілдеткендеріне еш қатысы жоқ. Эбу Харайрадан Пайғамбардың, оған Аллаһтың итілігі мен сәлемі болсын, быттай деп айтқаны келтіріледі: «*Кімде-кім мұсылман бауырына келсе, және ол оның алдына тамақ қойса, оның қойған тамағын жесін және ол (яғни берген тамағы) туралы сұрауышы болмасын, және сусын берсе - сұрамастан ішсін*».

Әхмәд 8933, Ибн әл-Джа'д 2961, ад-Дарақутни 4/258. Сенімді хадис. “ас-Сильсиля ас-саҳиха” 627.

Имам әл-Хаттәби быттай деген: “*Күмәнді нәрседен бас тартудың үш түрі болады: міндеиттісі, абзалы және дұрыс емесі. Тыйым салынған нәрселерге байланысты күмәнды нәрседен бас тарту - міндеитті болып табылады. Мал мұлкінің көп бөлігі харам болғанмен істесуден бас тартқан жақсырақ (абзал) болады. Ал шаригаттың береген женілдігінен бас тарту дұрыс емес болып табылады.*” Найшор-аутар” 5/119.

<sup>22</sup> Артынан осы уланған қой еті оның өліміне әсерін берді. Айшадан, оған Аллаһтың ризашалығы болсын, Пайғамбардың, оған Аллаһтың итілігі мен сәлемі болсын, быттай дегені келтіреді: «*Иә Айша, Хайбарда жегенім маган әрдайым ауыртпашилық әкелді, ал қазір мен қолқамның жыртылып жасатқанын сезудемін*».

## Жануарды бауыздыа ережелері

Шаддада ибн Аустан Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі: «*Расында, Аллаh барлық істі жақсы істеуді әмір етті, ал егер өлтіру тұра келсе - жақсы әдіспен өлтіріңдер, және жануарды бауыздайтын болсаңдар - жақсылап бауыздаңдар. Және сендердің әрбірің өз пышағын жақсылап өткірлесін де, жануарды азапталудан құтқарсын*». Мұслим 3/1955.

Құрбанды жақсылап шалу дегеніміз - кеңірдек пен қуре тамырларды тез кесу. Имам Әхмәд былай деген. «Жануарды құрбан шалатын орынға жұмсақтықпен алып барып, бауыздайтын пышақты жануардан жасыру керек. Пышақты тек бауыздар алдында ғана шыгарған жөн». “Джами’уль-‘уломи уәл-хикам” 157.

Имам ан-Нәүүи былай деген: «Бір жануарды басқа жануардың көзінше бауыздаяуга болмайды». “Шарху Мұслим” 13/93.

Сондай-ақ, ол былай деген: «*Ғалымдардың барлығы жануарды бауыздар алдында сол жамбасына жатқызу керектігінде бір пікірге келген. Өйткені осында жағдайда жануардың басы сол қолға келіп, ал пышақ оң қолға тиіп, бауыздауды женілдетеді*». “Шарху Мұслим” 13/122.

### **Жануарға рахымшылық таныту жайлы**

Әбу Умама, Аллаһтың оған ризашылығы болсын, былай деген: «Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «*Кім құрбан шалар кезде рахымшық танытса, оған Аллаh Өзінің рахымын Ақыретте танытады*», – деген. әл-Бухари “әл-Адәбу ль-Муфрад” 381. Ибн ‘Ади “әл-Камиль” 2/259. Жақсы хадис.

Ибн ‘Аббас былай деген: «*Бірде пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, аяғын өзіне қарап тұрган жануардың тұмсығына қойып пышағын қайрап жатқан адамның жанынан өтіп бара жатып: «Сен неге оның жамбасын жерге тигізбей тұрыт пышағыңды қайрап алмадың. Сен оны еki рет өтлірмексің бе?!*» - деді». ат-Тәбәрани в “әл-Кәбир” 3/140/1 и “әл-Аусат” 1/31. хадистің сенімділігін әл-Әлбани растаған.

Біз осыдан Ұлы Аллаh шаригатының жануарларға дейін рахымшылық танытуды әмір ететіндігін көріп тұрмыз.

### **Жануарды бауыздар алдын құбылаға бұру жайлы**

Жануарды бауыздар кезінде құбылаға бұру жайлы пікірді айтатын болсак, бұған не Аллаh тарапынан, не пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тарапынан нұсқау жоқ. Имам Шаукані былай деген: «*Бұған не Құранда, не Сұннетте нұсқаулар жоқ. Ал құрбан айт мейрамында құрбан шалуға қияс жасап: «Жануарды бауыздаудан алдын құбылаға бұру – мұстаҳаб», – деген пікірлер дұрыс емес. Өйткені, мұстаҳаб дегеніміз – шаригатың үкімі, ал оған (шаригат үкіміне) дәлел керек.*» “Сайлюль-джарар” 4/70.

Жануарды бауыздың алдын құбылаға, яғни Қағба тарапына қарату мұстаҳаб болуы тек құрбан айт кезіндегі құрбанға ғана қатысы бар, өйткені, бұл туралы пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, хадистерінде хабарланған.

### **Ғалымдардың жануарлар етінің үкіміне байланысты берген пәтуалары**

**Сұрақ:** «*Шеіх, Кітап иелері елінде діндері әр түрлі болған көптеген ұлт өкілдері тұрады да, осыған байланысты олардың бауыздаган малы жайлы күмәніміз өте көп. Олардың бауыздаган малы жайлы үкім қандай? Осы мәселеде түсіндіру мен талқылауды қажет ететін нағрсे бар ма? Сізден осы мәселені түсіндіріп берудің сұраймыздың, өйткені бұл мәселе бізді абыржытып жатыр.*».

Шеіх Ибн ‘Усайминнің жауабы:

«Бауыздалған жануардың адалдығы, сол жануарды бауыздаған адам бауыздағаны жеуге рұқсат етілгендердің қатарынан болып табылатындығы жайлыш білуімен немесе осы туралы оның ойы басымырақ болуымен анықталады. Бұндай адамдарға мұсылмандар, яхудилер және христиандар жатады. Егер де біз бауыздаушының яхуди, немесе христиан екендігіне күмәндәніп, бірақ дегенмен ол солардың бірі деген ойымыз басымырақ болатын болса, онда ол жануардың еті рұқсат саналады. Ал егер де бауыздаушы Кітап иелерінен емес деген ойымыз басымырақ болса, онда жануардың еті харам саналады. Сонымен бізде бауыздалған мал жайлыш бес түрлі жағдай бар:

1. Бауыздаушы Кітап иелерінен екендігі анық болғанда. Бұндай жағдайда ет халәл саналады.
2. Бауыздаушы Кітап иелерінен екендігіне сеніміміз көбірек болса. Бұл жағдайда да ет халәл саналады.
3. Еттің кімнен келгенінде күмәніміз болса<sup>23</sup>, онда одай етті жеуге тыйым салынады.
4. Біз күмәндәншың және бауыздашы Кітап иелерінен еместігіне көбірек аусақ, онда ол ет харам саналады.
5. Бауыздаған адам Кітап иелерінен болмағанын білсек. Бұл жағдайда ондай етті жеуге болмайды.

Бұл - екуі рұқсат етілген, ал үшеуі тыйым салынған - бес жағдай. Біз Америкада жануарды тоқпен құлатып, мал өлмей тұрып оның қанын шығаратынын естідік. Бұндай жануардың етін жеуге болады, өйткені өлмей тұрып бауыздалған жануардың еті жеуге жарамды. Аллаһ Тағала былай дейді: «Сендерге: өлексе, аққан қан, доныз еті және Аллаһтан басқаның атымен бауыздалған мал харам қызынды. Бірде буынып, ұрылып, құлап, сүзіліп өлген жануарлар және жыртқыш жеген мал - харам. Бірақ (жаны шықпай) бауыздағандарың басқа. Және тігілген тасқа (бұтқа) арнап бауыздалған мал әрі оқтар арқылы бөліскендерін (бал ашууларын) да харам етілді. Бұларың - бұзықтық». (әл-Маїда 5: 3).

Сондай-ақ, мен шет елдерге шыққан кейбір жас жігіттерден, қазірге кезде оларға (кәпірлерге) қаны ағызылмаған жануардың еті сатуға жарамсыз болатыны белгілі болғандығы және олар жануарларының қанын ағыза бастағандығы жайлыш естідім. Олар жануарларының қанын мұсылмандардың қан ағызы әдісінен басқаша түрімен ағыза бастапты.

Олар мойындағы бір тамырды кесіп, ал басқа тамырына аппарат орнатып тамырдағы қанның берін үрлеп шығарады. Шындығында бұл қан ағызудың басқа бір түрі. Бәлкім күндердің бірінде олар мұсылмандар секілді күре тамырды кесіп бауыздау әдісіне көшеді.

Бірақ қалай болса да, егер сен көнілім тоқ болсын десен, жегенім таза болсын десен, онда балық сатып алып же! “Фатауа Ибн ‘Усаймин” 1182.

**Сұрақ:** Бірінші тоқпен ұрып, одан кейін қанын ағызу үшін басын кесетін жануарлар жайлыш не дейсіз?

**Шейх Ибн ‘Усайминнің жауабы:**

Қан басты кесіп алғаннан кейін шыққан болса, демек тоқпен жануарды әлсірету үшін ғана ұрып, содан кейін бауыздаган. Бұл жағдайда ол жануардың еті жеуге жарамды, өйткені пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Қаны шығарылғанды және Аллаһтың аты атаптанды гана жеңдер!» - деп айтқан. Тірі жануарды бауыздамаса, өлі жануардан қан шықпайды. Жануар өлгенде, оның қаны өзгеріп қоюланып қалады да, денесінен шықпайды. Қалай болғанда да бауырымыз айтып жаткан тоқпен ұру жануарды өлтірмеген болса және қан ол мал өлгенше шығарылған болса, бұндай жағдайда ондай жануардың еті шаригат бойынша жеуге жарамды. Бұған дәлел Аллаһтың мына сөздері:

<sup>23</sup> Яғни, ет бауыздаганы халал болатындардан келді ме, әлде жоқ па.

**«Сендерге: өлексе, аққан қан, доныз еті және Аллаһтан басқаның атымен бауыздалған мал харам қылынды. Бірде буынып, ұрылыш, құлап, сүзіліп өлген жануарлар және жыртқыш жеген мал харам. Бірақ (жаны шықпай) бауыздығандарың - басқа...».** (әл-Маида 5: 3). (Аятта) айтылғаның бәрі өлудің себептері болып табылады, және олардың барлығы бәрі харам саналады, жаны шыққанша бауыздығаны - басқа. Тоқпен ұру буындыру тәрізді, ал Аллах буындырып өлтірілгенде харам етті, бірақ бұдан өлгенге дейін сойылғанды шығарып тастанды. Сондыктан, тоқпен ұру - жануарды әлсірету үшін ғана қолданылатын әдіс. Ал, егер де тоқ күші жануарды өлтірсе, ондай жануардың етін жеуге болмайды. Бірақ біздің қарастырып жатқанымыз басқа жағдай, өйткені сұрақ қоюшы жануардың қаны ағызылады, деді, ал қан тек тірі жануардан ғана ағады, демек тоқ күші оның айтқан малын өлтірмеген, тек әлсіреткен. “Фатауа нуру ‘аля-дтарб’”.

**Сұрақ:** «Біздің кезімізде христиандар жануарды түрлі машиналар және ұйықтаматын дәрілер беріп бауыздайтындығын біле тұра, олардың сойған жануарларын бізге жеу- рұқсат па?

**Шейх Ибн Баздың берген жауабы:**

Олардың етін, бауыздыған жануары шариғат үкімдеріне сәйкес сойылмағандығы белгілі болмаса. Олардың бауыздыған жануарларының негізінде адалдық жатыр және олардың жануарларының етін жеу, мұсылмандардың жануарларының етін жеу секілді, бізге рұқсат етілген. Аллах Тағала былай дейді: «Кітап иелерінің тамағы сендерге рұқсат етілді». (әл-Маида 5: 5). “Фатауа исламия” 3/401.

**Сұрақ:** Кейбір кафелер мен асханаларда ондағы берілетін ет Аллахтың аты айттылып бауыздыған жануардың еті ма әлде жоқ па - білмейміз, сондықтан ол жердегі етті жеуге бола ма?

**Шейх Ибн Баздың берген жауабы:**

«Егер бұл асханалар, жануарды бауыздығанда оған мұсылмандар не кітап иелері бақылау жасайтын қалада, не болмаса сол асханалардың иелері мұсылмандар не болмаса кітап иелерінен болып олар өздері жануарларын бауыздайтын болса, онда ол асханалардағы етті, жануарды бауыздар алдында Аллахтың атын айтқандығы белгісіз болса да жеуге болады. Әл-Бухаридің жинағында Айшадан, оған Аллахтың ризашылығы болсын, мына хадис келтіріледі: «Адамдар: «Иә Аллахтың елисі, бізге адамдар ет алан келеді, ал біз болсақ оған Аллахтың аты айттылды ма жоқ па білмейміз», - дейді. Аллах елисі, оған Аллахтың иғлігі мен сәлемі болсын, оларға: «Онда оған Аллахтың есімін өздерің айттыңдар да, жей беріңдер» - деген». әл-Бухари 2057.

Бірақ бұл кафенің басшылығында мұсылмандар да емес, кітап иелерінен де емес көпқұдайшылдар, не болмаса атеистер болса, онда ол жерде ет жеуге болмайды.

Сондай-ақ, біл, мұсылмандар мен Кітап иелерінің бауыздыған жануарларының еті жеуге жарамды болып саналады. Олардың жануарды қандай әдіспен бауыздығының білмегеніміз оның халәлдығына әсерін тигізбейді. Ал шарифаттың үкіміне қайшы келетін: буынып, сүзіліп деген сияқты әдіспен өлген мал харам саналады және ондай етті жеуге болмайды. Бұл жағдайда ол жануарды мұсылман сойды ма, әлде христиан сойды ма, не басқа біреу сойды ма, кім сойғандығында айырмашылық жоқ. Аллах Тағала былай дейді: «Сендерге: өлексе, аққан қан, доныз еті және Аллаһтан басқаның атымен бауыздыған мал харам қылынды. Бірде буынып, ұрылыш, құлап, сүзіліп өлген жануарлар және жыртқыш жеген мал харам. Бірақ (жаны шықпай) бауыздығандарың - басқа...». (әл-Маида 5: 3). “Фатауа Исламийя” 3/414.

**Осыған ұқсас сұраққа шейх Ибн Усайминнің берген жауабы:**

Бауыздыған жануар үш жағдайға бөлінеді:

Біріншісі: біз жануардың дұрыс бауыздығанын білеміз. Бұл жағдайда ет жеуге жарамды.

Екіншісі: біз жануардың дұрыс бауыздалмағанын білеміз. Бұл жағдайда ет жеуге жарамсыз.

Үшіншісі: біздің көнілімізде оның дұрыс бауыздалғандығы жөніндегі күмәніміз бар, не болмаса білмейміз. Бұл жағдайда ондай еттің үкімі халәл саналады және оның қалай бауыздалғандығы, яғни бауыздарда Аллаһтың есімі аталды ма, жоқпа - бізге білу шарт емес. Керек десеніз, Сұннет оны сұрастырып зерттемеуді нұсқайды. Пайғамбардан, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Біз олардың Аллаһтың есімін айтқан айтпағанын білмейміз», деп сұрағанда, ол: «Олардан Аллаһтың атын айтқан, айтпағанын сұрастырып алдындар», - деп айтқан жоқ, керісінше: «Олай болса оған өздерің Аллаһтың атын айтыңдар да (яғни «БисмиЛләh», деп), жей беріңдер», - деді. Пайғамбардың бұл әмірі мал бауыздар алдында айтатын «бисмиЛләh» емес, бұл тамақ жердің алдында айтылатын «бисмиЛләh». Шаригатта тамақ ішер алдында Аллаһтың есімін айту бекітілген. Тамақ ішер алдындағы Аллаһтың есімін айту парыз болып табылады және бұл - дұрыс пікір, өйткені, бұған пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тікелей әмірі бар. Егер адам тамақ ішер алдында «бисмиЛләh» демесе, онда оның тамағы мен сусынына шайтан ортақтасады.<sup>24</sup> Егер адам тақуалық танытып бүндай асханаларда ас ішуден бас тартса, онда оның күнәсі жоқ<sup>25</sup> және керісінше бүндай жерлерде тамақ ішудің де күнәсі жоқ. “Фатауа Исламий” 3/415.

**Сұрақ:** Шет елден келетін консервіленген тауықтар жайлы қандай шешім бар?

**Шейх Ибн Баздың берген жауабы:**

Бізге шет елде бауыздалып консервіленіп келген тауық және басқа да жануарлар Кітап иелерінің елінен келген болса, онда ол бізге халәл болып есептеледі, өйткені Кітап иелерінің тамағы бізге Құран аяттарымен рұқсат етілген. Эрине, Аллаһтан басқа біреуге арналған, не болмаса тамағынан бауыздалмағандығы секілді бізге оны рұқсат етпейтін себептері нақты белгілі болмаса. Ал егер ет күммунистердің, атейстердің және көпқұдайшылдардың елінен келген болса, онда олардың тамағын жеуге болмайды. “Фатауа Исламия” 3/416.

**Сұрақ:** Кәпірлердің елінен «халәл», деп жазылып келген еттің үкімі қандай?

**Шейх Салих әл-Фаузанның жауабы:**

Бұл еттерді жіберушілердің сөздеріне де, жабыстырған таңбаларынадағы шаригат жолымен бауыздалғанын растайтын жазуларына да сенуге болмайды. Егер олардың осындай таңбамен жіберген тауықтарына қарасаң оның басымен тамағының кесілмей келгенін көресің! Мысалыға мен ондай таңбаға мұқтаж болмаған балық сынды заттың сыртында «халәл» деп таңба соғылғанын көрдім! Бұның бәрі олардың бұл таңбаны адамдарды өздерінің тауарларына қызықтыру үшін өтірік соғатындығын және олар бұның бәрін адамдарды алдаң олардың дүниесін жалған түрде иелену үшін жасайтындығын көрсетеді. “әл-Ат’има” 165-166.

**Сұрақ:** Мен Қытайга келмей тұрып мұсылманға атейстердің бауыздаган жануарларының етін жеуге болмайтындығын естіген болатынмын. Бізде университетте мұсылмандарға арналған асхана бар, бірақ мен ондағы еттің шаригат үкімне сай бауыздалған жануардың еті екендігінде

<sup>24</sup> Мұсылманның Аллаһтың есімін айтпаған тамағы шайтанның асы есептеледі. Ибн ‘Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізген: «Ібіліс: «Иә Аллаh, Сенің жаратылыстарыңнан ризық бермегенің жоқ, ал менің ризығым неде?», - деп айтканда, Аллаh: «(Сенің ризығың) Менің атым айттылағанды!», - деді. Абу Ну’айм в “аль-Хилия” 8/126. Сенімді хадис.

<sup>25</sup> Бірақ адам өзі жемесе де сол жерде тамақ жеп жүрген адамды сөтуіне болмайды, өйткені күмән мен ойдан шыгаратын тұжырымдардың негізінде үкім шығаруға тыйым салынады, әсіресе жеңілдікті шаригат нұсқап тұрған кезде.

сенімім жоқ, сондықтан ондағы етті бізге жеуге болатындығына күмәнім бар. Менің достарым мен секілді күмәнданбайды да, сондықтан жей береді. Олар дұрыс істеп жатыр ма, әлде олар рұқсат етілмеген нәрселерді жеуде мे? Сондай-ақ ыдысқа байланысты қояр сұрагым бар, олар мұсылман мен мұсылман еместің ыдысын алаламайды. Бұндай жағдайда не істеуім керек?

### **Шейх Ибн Баздың берген жауабы:**

«Кітап иелерінен басқа еш бір имансыздардың: ол отқатабынушылардан бола ма, көпқұдайшылдардан бола ма, немесе осыған ұқсас басқалары бола ма олардың бәрінің бауыздаган жануарларының етін жеуге болмайды. Олардың бәрі қәпір болып табылады. Осындағы еттін сорпасын да ішуге болмайды. Аллаһ Тағала бізге Кітап иелерінен өзге қәпірлердің асын харам етті. Аллаһ былай дейді: «**Бұгін сендерге игілікті ас рұқсат етілді. Кітап иелерінің асы сендерге рұқсат етілді және сендердің астарың оларға рұқсат етілді.**» («Әл-Маїда 5: 5).

Ибн Аббас: «Ас – бұл олардың бауыздаган жануарларының еті», - деп айтқан.

Ал жеміс жайлыштын болсақ, онда проблема жоқ, өйткені олар тыйым салынған астың қатарына жатпайды. Ал мұсылмандардың асы, Аллаһтан басқа пайғамбарларға да, әулиелерге де сыйынбайтын және қабірлерге құлшылық етпейтін шынайы мұсылмандардың асы мұсылманға да, басқаға да халәл болып саналады.

Ал ыдыс жайлыштын болсақ, онда мұсылмандарға қәпірлердің арак-шарап секілді тамақтарын салатын ыдыстарынан бөлек ыдыс ұсташа керек. Ал егер олар бұлай жасай алмаса, онда мұсылман аспазшысы оған өзінің тамақтарын салмас бұрын жақсылап жуу шарт. Сахихтердің екеуінде де Әбу Са'ляб әл-Хушаниден, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, мына хадис келтіріледі: «Ол пайғамбардан, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көпқұдайшылардың ыдысынан жеуге болады ма, деп сұраганда пайғамбар былай жауап берген: «**Сенің Кітап иелері жайлыштын болсақ, олардың ыдыстарын жуып барып қолданбаңдар, ал егер олай жасай алмасаңдар, онда олардың ыдыстарын жуып барып қолданыңдар (яғни одан ас ішиңдер)**». “Маджму’у фатауа уа мақалят” 4/435.

**Сұрақ:** Ислам дінін ұстанбайтын мемлекеттердегі мал бауыздарда шаригат үкімдерін орындаімын ет, тауық, балық жайлыштын қандай?

### **Шейх 'Абдур-Рахман әл-Баррактың берген жауабы:**

«Балық жайлыштын болсақ ол халәл болып табылады, өйткені балықтың халәлдығы оның бауыздарынан және бауыздар кезде Аллаһтың есімін айтқанына байланысты емес. Ал қалған Кітап иелерінің мекемелерінен, не елінен келген ет, олардың Европада кездесетін тоқпен, не болмаса бастан балғамен ұрып өлтіргендері нақты белгілі болмаса - халәл саналады.

Аллаһ Тағала былай дейді: «**Бұгін сендерге игілікті ас рұқсат етілді. Кітап иелерінің асы сендерге рұқсат етілді және сендердің астарың оларға рұқсат етілді.**» («Әл-Маїда 5: 5)

Бірақ, олар жануарды жоғарыда айттылып өткен әдіспен өлтіргені анық белгілі болса, онда бұндай ет жеуге жарамсыз, яғни харам, өйткені ол өлексе саналады. Сондай-ақ, ет алыш келетін мекеме Кітап иелерінен болмаса, ондай ет те жеуге жарамсыз саналады. Аллаһ Тағала былай дейді: «**Аллаһтың есімі айтылмағанды жемендер, өйткені ол - лас нәрсе**» (әл-Ан'ам 6: 121).

Мұсылман өзінің денесі мен дінін тазалықта ұстап, оны тыйым салынған нәрселермен толтырмау үшін, анық харам нәрселерден бас тарту керек және күмәнді нәрселерден сақтану керек». “Суэл уа джауаб” № 10339.

**Сұрақ:** Біз базарда ислам қагидаларын ұстанбайтын елдерден келген етті көп кездестіреміз, біз олардың қалай бауыздалғанына көніл бөлмесмен жеуімізге болады ма?

### **Шейх Ибн Баздың берген жауабы:**

Егер ет христиандар мен яхудилердің елінен болса, онда бұл проблема емес, Аллаң олардың асын рұқсат етті, ал олардың асы – бұл олардың бауыздыған жануарларының еті. Бізге олардың етін жеу, ол етті тыйым ететін себептері болмайынша рұқсат. Ал егер бізге жануардың буынып өлгені, не болмаса писталетпен атып өлтіргені, не балғамен басынан ұрып өлтірілгені, не болмаса тоқпен ұрып өлтірілгені белгілі болса, онда ол етті жемейміз. Маған көптеген дағуатшылардан Америка мен Европадағы қасапшылардың жануарды шарифат үкіміне сай бауыздамайтындығы жетті. Егер мұсылман бұл етті мына хадиске сүйеніп жемейтін болса, онда бұл амалы ол үшін жақсырақ болады: «*Саган күмән келтіретін нәрселерден алыста да, күмәні жоқ нәрселерді ал.*» ат-Тирмизи, ан-Нәсәи. Сондай-ақ: «*Күмәндіден сақтануышы діні мен абыройын тазартады.*» әл-Бухари. Мұсылман не жеп не ішіп жатқанына өте сақ болуы керек. Егер жануарды тірідей өзі сатып алып бауыздаса жақсы болады. Не болмаса жануарды шарифат үкіміне сай бауыздайтын таныс қасапшыдан алғаны өзі үшін катерсіз әрі жақсырақ болар еді. “Фатауа нурға аля-ддарб”.

**Сұрақ:** Күндердің бірінде мен жұмыстасы әріптестерімді тамаққа шақырдым. Олар келгеннен кейін мен оларға дастархан жайдым. Тамақтардың ішінде үйде шоққа пісіріп алып келген тауық болды. Сонда қонақтарымның бірі: «Бұл жергілікті тауық па, әлде шеттен әкелген тауық па?», - деп сұрады. Мен шеттен алып келген тауық екендігін айттым. Осыдан кейін ол бұл тауықты жемей қойды да мен одан неге екендігін сұраганымда ол бұны харам деді. Мен одан оның неге олай ойлайтынын сұраганымда: «Мен бұны бір шейхтардан естідім», - деді. Мен сіздерден осы мәселеде шаригаттың үкімі қандай болатындығын айтып берулеріңізді сұраймын.

### Шейх Ибн 'Усайминнің жауабы:

Мұсылман емес елдерден келген ет, олардың бауыздалуына Кітап иелерінің адамдары, яғни яхудилер мен христиандар жауапты болса, онда оларды жеуге болады және олардан оның бауыздау тәсілін сұрастырмауымыз керек, өйткені пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Хайбарда яхуди әйел ет алып кеп бергенде, ол оны жеген. әл-Бухари 2617. Мұслим 2190. Сондай-ақ, ол яхудидің үйінде ашып кеткен май жеген, ал ол май – түсін өзгертукен жануардың тоң май еді. Сол кезде пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, одан оның қалай бауыздалғанын және сол кезде Аллаһтың есімін аузына алды ма жоқ па сұрастырган жоқ. Сондай-ақ, әл-Бухаридің жинағында Айшадан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, мына хадис келтіріледі: «Адамдар: «Иә Аллаһтың елисі, бізге адамдар ет алып келеді, ал біз болсақ оған Аллаһтың аты айтылды ма жоқ па білмейміз», - деді. Аллаһтың елисі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оларға: «*Онда оған Аллаһтың есімін өздерің айтыңдар да жей беріңдер,*» - деген». әл-Бухари 2057. Бұл хадистерде жануардың қалай бауыздалғандығы жайлы сұрақ қоюдың қажет еместігі нұқсаған. Бұл – шарифаттың даналығы мен женілдіктерінен. Ал мал бауыздауға жауапты көпкүдайшылдар мен отқа табынушылар болған елдерден келген етті жеуге болмайды, өйткені Аллах бізге қәпірлерден тек Кітап иелерінің асын ғана рұқсат етті. Фақіх ғалымдар былай дейді: «Егер біз етті бауздалған малы рұқсат етілген адамдардың көп тұратын жерінен алсақ, ол кезде бұндаі ет жеуге жаралды саналады». Бірақ егер жануардың шығу тегі мен оны кім бауыздығаны белгісіз болса, онда ол еттен бас тартқанымыз абзал». «Фатауа 'ұлямиль-балядиль-Харам» 378-379 беттер.

**Сұрақ:** Егер адам күмәндіден сақтану үшін өзі күмәндінде еттен бас тартса, ал ата-анасы оған ол етті жеуді бүйірса, онда оған не істейу керек, ата-аналарына бағынғаны дұрыс па, әлде күмәндіден бас тартқаны дұрыс па?

### Шейх әл-Әлбанидің жауабы:

«Ата-анаға бой ұсыну керек, өйткені ата-анаға тек күнә істерде ғана бой ұсынылмайды, ал бұл жерде тек күмәнді нәрселер ғана айтылып жатыр!» “әл-Хауи мин фатауа әл-Әлбани” 371.

**Сұрақ:** Мұздалған ет жайлы үкім қандай, егер де оның шығу тегі мен бауыздалу әдісі жайлы хабарымыз болмаса? Бізге осы сұрақ төңірегінде айтып берсеңіз.

### Шейх Ибн 'Усайминнің жауабы:

Мұсылманның, христианнның және яхудидің бауыздаган жануарларының еттерінен басқаның еттерін жеуге болмайды. Аллаһ Тағала былай деді: «Кітап иелерінің асы сендерге рұқсат етілді». (әл-Маида 5: 5). Ибн Аббас, Аллаһтың: «Кітап иелерінің асы», - дегені: «Яғни олардың бауыздаган жануарының еті», - деп түсіндірді. Бұған Аллаһ елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, яхуди әйелден қой етін қабылдағаны дәлел болады. Егер бауыздалған жануарды бізге яхуди, мұсылман, не христиан әкелетін болса, онда біз олардың жануарды қалай бауыздалғандығы жайлы, яғни шарифат үкіміне сай бауыздады ма, жоқ па білуіміз шарт емес! Не болмаса бауыздар алдында Аллаһ атын атады ма, жоқ па. Өйткені, бауыздаушының амалдарының негізіне ол мұсылман болсын, яхуди болсын, не христиан болсын оның бауыздауының халәлдігі жатыр. Сондықтан, пайғамбардан, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамдардың алып келген еті жайлы олардың «бисмиЛләхты» айтты ма жоқ па білмейтіндігін сұрағанда, пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын. «Онда «БисмиЛләхты» өздерің айтыңдар да, жей беріңдер», - деп айтқан. Сонда олар Исламды жаңадан қабылдаған адамдардан болған. әл-Бухари 2057.

Ал егер сендер еттің, бауыздаганы біз үшін рұқсат етілген елден келді ме, әлде бауыздаганы біз үшін рұқсат етілмеген елден келді ме білмейтін болсандар, онда жемендер!

**Сұрақ:** Сұрақ шаригат үкіміне сәйкес келмейтін жолмен бауыздалған жануар, не болмаса яхудилер мен христиандардың бауыздар алдында Аллаһ есімін ауыздарына алмай бауыздаган жануарлары жайлы. Осындай етті жеуге бола ма?

### Шейх ибн Баздың берген жауабы:

«Аллаһ Тағала былай деді: «Бұгін сендерге игілікті ас рұқсат етілді. Кітап иелерінің асы сендерге рұқсат етілді және сендердің астарың оларға рұқсат етілді». («Әл-Маида 5: 5) Бұл аят яхудилер мен христиандардың еті бізге халәл екендігін көрсетеді. Ал егер де біз олардың жануарды шаригаттың үкіміне сәйкес келмейтін жолмен, мысалы, буындырып, токпен, не болмаса балғамен басынан ұрып өлтіргенін білсек, онда бұл жағдайда ондай етті жеуге болмайды. Ал егер біз олардың қалай бауыздаганын білмесек, онда осы Құранның аятымен ол бізге рұқсат саналады. Біз осындай сұрақтарға жауап берген болатынбыз. Сіздер оларды тауып пайдасын алсаңыздар болады.

Ал олардың бауыздар алдында Аллаһтың есімін атамайтындақтары олардың білімсіздіктерінен, дегенмен бұл факт олардың етін бізге харам етпейді. Мысалы, мұсылманның бауыздар алдында білімсіздігінен, не болмаса ұмытып кеткендігінен Аллаһ есімін айтпағандығы етті харам етпейді. Бұған дәлел Аллаһтың мына сөздері: «Раббымыз, егер біз қателесsec, не ұмытсак, бізді жазалама». (әл-Бакара 2: 286).

Пайғамбарымыздан, Аллаһтың оған игілігі мен сәлемі болсын, ол осы аятын оқып болған соң Аллаһ Тағаланың былай деп айтқаны жетті: «Мен бұны жасап қойдым». Сондай-ақ, Аллаһ Тағала былай деді: «Сендердің жүректерін бұны қаламай, қателесіп жасағандарында күнә болмайды. Аллах – Кешірімді, Мейірімді» (әл-Ахзаб 33: 5). Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны хабарланады: «Расында, Аллах менің ұмметтімнен қателесіп және ұмытып жасағандарын, сондай-ақ зорлықпен жасағандарын кешіреді». “Маджалиятуль-джамиатиль-ислямия”.

**Сұрақ:** Мұсылман емес елдерде сатылатын еттің үкімі қандай, оны жеуге болады ма?

## Шейх Ибн Баздың берген жауабы:

Галымдар көпкүдайшылдардың, пүтқа табынушылардың, атеистердің бауыздаған малын жеуге болмайды дегенге бір ауыздан келіскең. Бұл қатарға христиандар, яхудилер, және отқа табынушылар кіrmейді. Сондай-ақ, олар христиандар мен яхудилердің бауыздаған жануарларының етін жеуге болатындығында бір пікірде. Бірақ, отқа табынушылардың малын жеуде пікірлері белінген. Төрт мазхаб имамдары және ғалымдардың көпшілігі отқа табынушылардың малын жеуге болмайды деген пікірде. Олардың пікірінше, отқа табынушылар басқа көпкүдайшылдар секілді кәпір болып табылады, олардың қатарына тек Кітап иелері ғана кіrmейді. Кейбір ғалымдар отқа табынушылардың бауыздаған малын Кітап иелерінің малы секілді жей беруге болады, деп ойлаған. Бірақ, бұл пікір өте әлсіз, әрі қате болып табылады. Дұрысы - ғалымдардың көпшілігі тоқтаған пікір<sup>26</sup>. Отқа табынушылардың бауыздаған жануарларының еті - көпкүдайшылдардың бауыздаған жануарларының еті секілді жеуге жарамсыз, өйткені, олар солардың қатарынан, және оларға мұшриктеге катысты қолданылатын жизиядан (мұсылман еместердің жан басына қойылатын салық) басқа үкімдердің барлығы қолданылады. Отқа табынушылар Кітап иелерімен ұқастығы тек жизия төлейтіндігінде. Бұған дәлел Аллаh Тағаланың мына сөздері: «Бұғін сендерге игілікті ас рұқсат етілді. Кітап иелерінің асы сендерге рұқсат етілді және сендердің астарың оларға рұқсат етілді». («Әл-Маїда 5: 5)

Аллаh Тағаланың сөздері бізге Кітап иелерінің асы рұқсат етілгендігін айқын нұсқайды. «Кітап иелерінің» асы деген сөздің мағынасына олардың бауыздаған жануарлырының еті жатады. Бұл жайлы ибн Аббас және басқа да ғалымдар айтқан. Сондай-ақ, бұл аяттан Кітап иелерінен басқа барлық кәпірлердің бауыздаған малын жеуге болмайтындығын түсінеміз. Бұл пікірге отқа табынушылардың бауыздаған жануарлары жайлы негізі жоқ пікірде болғандардан өзгелердің бәрі тоқтаған. Мұсылман емес елдерде сатылып жатқан ет яхудилер мен христиандардың бауыздаған жануарларының еті болса, онда ол халәл, бірақ олар шаригат үкіміндегі бауыздау шартына қайшы келмеу керек. Яхудилер мен христиандардың бауыздаған жануарларының етінің негізіне оның жарамдығы жатады. Біз бұл негізден оны жарамсыз ететін себептер табылмай таймаймыз. Ал егер ет Кітап иелерінің бауыздаған жануарлырының еті болмаса онда Құран аяттарына және ғалымдардың бір ауыздан тоқтаған пікіріне сай жеуге жарамсыз болып табылады.

Келесі сұрақ та осы тақырыпты қамтиды. Әл Бұхаридің сахихінде жаңадан ислам қабылдаған адамдар жайлы хадис келтіріледі. Кейбір сахабалар пайғамбардан, оған Аллаhtың иғлігі мен сәлемі болсын: «Иә Аллаhtың елшісі, жақында ислам қабылдаған адамдар бізге ет алып келеді, ал біз олардың бұл етке Аллаhtың есімін атады ма жоқ па білмейміз», - деп сұрайды. Бұл хадис Аллаhtың есімі аталған кез келген ет, оның бауыздаушы адамның дініне қарамастан жарамды етеді деген ойтарын жоққа шығарады. Бұл хадисте Аллаhtың есімі атав жарамсыз етті жарамды ет етеді деуге баламалайтын нәрселер де және түсініксіздіктер де жоқ, өйткені бұл хадис кәпірлер жайлы емес жаңадан ислам қабылдағандар жайлы айтылып жатыр. Осылайша, бұл мәселеңдегі күдік пен түсінбеушіліктер жойылады. Бұл жерде пайғамбар, оған Аллаhtың иғлігі мен сәлемі болсын, оларға тамақтану алдында «БисмиЛләhты», тыйым салған нәрсені рұқсат ету үшін емес, шайтанның азғыруына тосқауыл болу үшін бұйырса керек. Ал Аллаh Тағалаға бұл жайлы жақсырақ біледі!

<sup>26</sup> Ғалымдардың көпшілігінің пікірі (жумхур) дұрыс немесе қате дегенге нұсқау бола алмайды, өйткені ақиқат, пікірде емес, Құран мен Сұннеттің дәлелдерінде, және көпшілік - бұл бірауызы пікір емес (әл-ижмә) және көпшілік қателескен болуы мүмкін! Және мұсылман адам көпшілікке емес, Құран мен Сұннеттегі дәлелдерге ілесуі керек және алдынғы бұын өкілдері арасында ешбір келіспеушілік болмаған нәрсені ұстануы міндетті!

Мұсылманның басқа елдердегі жағдайы қындау, ол үшін шаригаттың барлық үкіміне сай ет табуы қынға соғады да, ол бір түрлі етті жеуден жалығады, бірақ бұндай қындықтар оған тыйым салынған етті жеуге жол бермейді. Сондай-ақ, бұндай жағдай барлық ғалымдардың ортақ пікірінше оны мәжбүр болғандардың қатарына қосуға мүмкіндік бермейді. Бұл мәселеге дұрыс көніл бөліп, оны негіссіз әлсіретуге болмайды. Бәрі үшін үлкен мәселе болған, осы сұраққа байланысты менің білетінім осы. Мен Аллаһтан мұсылмандардың дүниелік және діни амалдарының бәрін реттеуін және олардың жүректеріне Аллаһтан қорқушылық, оның тыйым мен рұқсаттың арасындағы шекараларға құрмет пен барлық шаригатқа қайшы келетін амалдардан алыстатуын сұраймын. “Маджалятуль-джамиатиль-ислямия”.

**Сұрақ:** *Біз бір қасапшылардан ет сатып аламыз және олардың намаз оқитынын, не оқымаитынын білмейміз. Бірақ, біз оларды намаз оқымаиды деп ойлаймыз, өйткені оларды көрши мешіттерден көрген емеспіз. Олардан жануарды кім бауыздайтындығын сұраганымызда, өздері бауыздайтындығын айтты. Осылардың бәрін біле тұра сол кіслерден ет алғанымыз дұрыс болады ма?*

### **Шейх Салих әл-Фаузананың жауабы:**

Мұсылман елдерінде бауыздалып базарларда сатылған еттің негізінде, Аллаһқа шүкір, жарамдылық жатады. Пайғамбардан, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамдар жақында ислам қабылдаған адамдардың базарға ет алып келіп жүргендігі жайлы: «Иә Аллаһтың елшісі, адамдар бізге ет алып келеді, ал біз олардың бауыздар алдында «БисмиЛләh» деген демегенін білмейміз», - деді. Оларға пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Оған Аллаһтың есімін өздерің айттыңдар да, жей беріңдер», - деген. Яғни ас ішердің алдындағы «БисмиЛләh» ты айттыңдар, деп жатыр.

Ал қасапшының жамағатпен намаз оқымағаны етті харам етпейді. Жамағатпен намаз оқымау күнә болса да, ол адамды діннен шығармайды, яғни кәпір етпейді. “Фатауа әл-Фаузан” 1/439.

**Сұрақ:** *Адамның діни ұстанымы белгісіз болған жағдайда оның бауыздаганын және күнә екенін біле тұра күнәлі істерді жасап жергенің бауыздаганын жеуге болады ма?*

### **Шейх Ибн Баздың берген жауабы:**

Егер адамның көпқұдайшылдық (ширқ) жасап жүргендері белгісіз болса, онда оның бауыздаганын жеуге болады. Егер мұсылман «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ және Мухаммад - Оның елшісі», - деп айтса және оның имансыздыққа кіретін амалдар жасап жүргенін ешкім көрмесе, онда оның бауыздаганын жеуге болады. Егер біреу оның көпқұдайшылдық әрекеттерін көрсе, мысалы жындардан, не өліктерден көмек сұрап, не оларға құлшылық жасап жүргендігі белгілі болса, онда ол үлкен шіркке кіргендігі және оның бауыздаган малы жеуге жарамсыз, яғни харам болады.

Бірақ күнәләр оларды жасайтын адамның бауыздаганын харам етпейді. Бірақ, ол адам, күнә жасау рұқсат етілген, деген ойдан алыс болуы керек. Ал кім де кім күнә жасау халәл етілген, деген ойда болса, онда ол имансыз, яғни кәпір болып табылады. Ондай адам ойнас жасауды, шарап ішуді, өсім жеуді, өтірік куә болу және т.т. күнәләрді жасай беруге болады деген ойда болуы мүмкін.<sup>27</sup> “Фатауа исламия” 3/417.

**Сұрақ:** *Қайтыс болған адамның күнәләрі кешіріліп жазадан құтқару үшін қырықыншы күні мал бауыздан адамдарға етті таратып, қонағасы берілу үшін бауыздалған жануардың үкімі қандай?*

### **Тұрақты Комитет ғалымдарының берген жауабы:**

<sup>27</sup> Бірақ мұсылман қазысы оған ақиқатты жеткізіп, оны тәубеге шакырып, шешім шығармайынша оны ешкім кәпірсін, деп айта алмайды және оған барлық мұсылмандарға қатысты үкімдер жүреді. “Усуль уа дауабит фиттакфир” 15-17, сондай ақ “аль-Мугъни” 10/85-86 и “Умдаитуль-Къари” 19/369.

Қайтыс болған адамның күнәләрі кешіріліп жазадан құтқару үшін қырқыншы күні мал бауыздалып адамдарға етін тарату, қонағасын беру – дінге енгізілген жиіркенішті жаңалықтардың (бидғаттар) катарына кіреді. Бұл амалды пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жасамаған, оның артынан ерген халифалар жасамаған және сахабалар да жасамаған. Сондай-ақ, бұны төрт мазхаб имамдарының ешқайсысы жасамаған. Галымдар бір ауыздан бұны заңсыз, яғни негіzsіз деп тапқан. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деген: «*Кім де кім біз нұсқамаған амал жасайтын болса, онда ол қайтарылады*». Сондай-ақ, ол былай деген: «*Кімде-кім біздің іске (дінге) оған қатысы жоқ нәрсе кіргізсе, онда ол қайтарылады!*»

Бірақ қайтыс болған адамның атынан белгілі бір уақытты тағайында май-ақ садақа таратуға тыйым жоқ. “Фатауа әл-Ляджанату-ддаима” 1981.

**Сұрап:** Бізде Британияда кейбір мұсылмандар өздерінің дүниелерін рұқсат етілген жолмен қатар рұқсат етілмеген жолдармен де табады. Олар арақ және доңыздың етін сатады. Олардың дүниелерінің басым көпшілігі тыйым салынған жолмен жиылған. Бізге олармен араласып, олардың тамағын жеп, олардың үйінде қонаққа баруға болады ма? Сондай-ақ, олардан мешіт құрылышына берген садақаларын алуға болады ма?

### Тұрақты Комитет ғалымдарының берген жауабы:

Сен оларға хараммен жиылған дүниенің соңы жаман болатындығын түсіндіріп дағуат айтуын керек. Басқа бауырларынмен бірге оларға Аллах Тағаланың Өзінің тыйым салған нәрселерін жасап жүрген адамдарға қаһары күшті екендігін есітеріне сал. Сондай-ақ, оларды кедейлік келуден сактандыр. Оларға бұл дүние қызықтарының уақытша екендігін, ал о дүниенің жақсырақ екендігін естеріне сал. Егер олар сендерге ерсе, онда Аллаһқа мадақ, олар - сендердің бауырларын. Оларға зұлымдықтарын жабатын жаман қызықтарының артынан жақсы амалдар жасауларын үағыздандар. Бәлкім Аллах олардың тәубелерін қабыл алып зұлымдықтарын жақсы амалдарға ауыстырады. Бұл жағдайда сіздер олармен араласып, тамақтарын жеп олардың садақаларын қабыл алып, мешіттің құрылышына, жөндеуіне және т.б. істерге жұмсай берулеріңе болады. Ұлы да Құдіретті Аллах былай деген: «**Сонда кім Раббынан насихат келгенде тыйылса, откені отіп кетті. Оның ісі - Аллаһқа тән**». (әл-Бақара 2: 275).

Екіншіден, егер де олар сендердің айтқандарына қарсы келіп өз дегендерінен қайтпай харам жолмен табыс табуды тоқтатпаса, онда сендерге оларды Аллах үшін тастау міндет болады. Олармен араласпандар, садақаларын қабыл алмандар<sup>28</sup>, осылайша сендер олардың

<sup>28</sup> Бұл аталған жағдайда Тұрақты Комитеттің ғалымдары ашық түрде үлкен күнәлар жасап жүрген адамдармен достық қарым-қатынас жасамауға және олардан садақа алмауға кеңес беруі, харам жолмен мал табатын адамның садақасын алу о бастан харам болғандықтан емес, осы амал оларға насиҳат және сабак болсын дегені. Мал-мұлкі тыйым салынған жолмен табылған адамнан сыйлық немесе одан ақша алу рұқсат етілген, ал мұндай жиналған мал-мұлкі оның қожайының өзіне ғана харам. Имам Ибн әл-Мунзир бұл жөнінде былай деген: «*Мал-мұлкі тыйым салынған жолмен жиналғаннан алу, рұқсат етілген, өйткени Аллах яхудилер жөнінде былай деген: «Олар отіріккө құлақ салушы, арам жеушілер.*» (әл-Маїда 5:42), және Аллаһтың елшісі, Аллаһтың оған игілігі мен сәлемі болсын, осыны біле тұра, өзінің сауытын яхудиге кепілдікке қойып қарыз алды және *Кітап* иелерінен джизия алушы еті, ал олардың мал-мұлкінің көбі доңыз сатудан және басқа да тыйым салынған істерден жиналғаны белгілі.» “Субулю-Ссалям” 2/213.

Алайда, тыйым салынған мал-мұліктен садақа берген адам, одан ешқандай сауап алмайды, тіпті ол мұсылман болса да. Аллаһтың елшісі, Аллаһтың оған игілігі мен сәлемі болсын: «*Расында, Аллах Өз Игілігінде пәк (тап-таза) және ол игі (тап-таза) болғанан өзгені қабылдамайды*», - деді. Мұслим 1015. Сондай-ақ, Аллаһтың елшісі, Аллаһтың оған игілігі мен сәлемі болсын, былай деген: «*Харам болған мал-мұліктің жисип, оны садақа ретінде таратқан (адам) ол үшін ешқандай сауап алмайды, оған қоса мұның (күнәсінің) жүгін көтереді*». Ибн Хиббан 3216. Шейх Абдуль-Қадир әл-Арнаут и Шу'айб әл-Арнаут хадисті хасан деген.

Адам хараммен жиналған мал-мұліктен жақсы іске, сауап алу ниетінсіз-ақ.бере салуы керек. Алайда, адам Исламды қабылдағанда онда алдыннан тыйым салынған жолмен жиналған мал-мұлкі болса, ол одан құтылудың жолын іздемей-ақ қою керек. Өйткени, сахабалар Исламды қабылдаған кезде, Пайғамбарымыз, Аллаһтың оған игілігі мен сәлемі болсын, оларға харам мал-мұліктен құтылуды бұйырмады және ол: «*Егер Аллаһтың құлы Исламды қабылдаса*

амалдарын қолдамайтындықтарынды және қарсылықтарынды білдіресіндер. Бұл амалдарың олардың дұрыс жолға түсуіне септігін тигізуі мүмкін. "Фатауа әл-Ладжнату ад-Даима" 16/181.

**Сұрақ:** Жануарға бауыздар алдында су беру суннет амалдарына жатады ма?

**Шейх 'Абдуль-'Азиз ар-Раджихидің жауабы:**

Мен бұл жөнінде ешбір нұсқау кездестірмеппін, дегенмен бұл малға көрсеткен мейірімнен болуы мүмкін. "Фатауа шейх ар-Раджихи" 1/92.

**Сұрақ:** Мұсылманға рұқсат етілген ет пен рұқсат етілмеген ет бөлек салафандарға салынып, бірақ бір жерде сатылатын орындардан алуына болады ма? Сондай-ақ, егерлері мұсылман болмagan арақ-шарап сататын дүкендерден азық-түлік алуға болады ма?

**Тұрақты Комитет ғалымдарының берген жауабы:**

Аллаh Тағала былай деді: «Бір біріңе тақуалық пен жақсылықта көметесіндер де, күнә мен араздықта көмектеспендер». (әл-Маїда 5: 2).

Мұсылмандарға күнә мен Аллаhtың заңдылықтарын бұзуда ешкімге көмектесуге болмайды. Сондыктан, мұсылмандар рұқсат етілген нәрселерді ғана сататын және харам нәрселерден басын аулақ ұстайтын адамдар мен харам нәрселерді араластырып сататын адамдардан алуға таңдау болса, онда ол халәл нәрселерді ғана сататын адамдардан алғаны дұрыс болады. Ал егер оның бұндай мүмкіншілігі болмай, алып жатқанының халәл нәрсе екендігінде сенімді болса, онда ала беруіне болады, ал Аллаh Тағала былай деді: «Аллаhtан шамаларың келгенше қорқындар» (ат-Тағәбун 64: 16). "Фатауа әл-Ляджнати-ддайма" 13/173.

**Сұрақ:** Мұсылманға христиандардың мерекелері кезінде берген тамақтарын жеуге болады ма?

**Тұрақты Комитет ғалымдарының берген жауабы:**

Мұсылманға Кітап иелерінің не болмаса көпкүдайшылдардың мейрамдарына дайындаған астарын жеуге болмайды, сондай-ақ мұсылманға олардан мейрамдарына байланысты сыйлықтарын алуға да рұқсат етілмейді. Өйткені олардан тамақ не болмаса сыйлықтарын қабыл алу олардың рәсімдеріне көмек көрсетіп және сол рәсімдерді дәріптеу, сондай-ақ олармен бірге мейрамдарын тойлау болып саналады! Бұл біздің дінімізге жаңалық пен бұлік ендіру болып табылады. Пайғамбар, оған Аллаhtың игілігі мен сәлемі болсын, былай деген: «*Кім біз нұсқамаган амал жасаса, онысы қабыл болмайды!*» Сондай-ақ, оларға олардың мейрамдарына байланысты сыйлықтар беруге болмайды.<sup>29</sup> "Фатауа әл-Ляджнати-ддайма" 22/398.

**Және оның исламы жақсы болса, онда Аллаh оның алдын істеген кез-келген күнәсін кешіреді!** - дейтін. аль-Бухари 41.

<sup>29</sup> Өкінішке қарай, қазіргі уақытта, бұның тыйым салынған іс екендігіне қарамай көптеген адамдар оларды құттықтап, олардың мейрамдарына катысуга болады, деп айтады. Аллаh Тағала былай дейді: «Әр үммет үшін, олар орындаітын бір ереже жасадық.» (Хадж 22: 67).

Аллаhtың елшісі, оған Аллаhtың игілігі мен сәлемі болсын, былай деген: «*Кім қай бір халыққа еліктесе, демек ол солардан!*» Абу Дауд 4031, Ахмад 2/50. Хадистің сенімділігін мына имамдар растаған аз-Захаби, аль-'Иракъи, Ибн Таймия, Ибн Хаджар, аль-Альбани.

Омар ибн аль-Хаттаб, оған Аллаhtың ризашылығы болсын, былай деген: «*Қәпірлерден олардың мейрамы уақытында алыстаңдар!*». аль-Байхакъи 18641.

Шейхуль-Ислам Ибн Таймия былай деген: «Қәпірлердің мейрамдарына еліктеу олардың жалған нанымдары мен салттарына ризашылығын білдіру болып табылады». Сондай-ақ, ол былай деген: «Мұсылмандар қәпірлерге олардың мейрамдары кезінде еш нәрсе сатуға болмайды, өйткені олар бұның берін ол мейлі тамақ болсын, кім болсын, иіс су болсын мейрамдары үшін қолданады. "аль-Икътида" 229.

Ибн аль-Кайим былай деген: «Имансыздарды олардың мейрамымен құттықтау ғалымдардың бір ауыздан айтқан патуалары бойынша харам болып табылады. Сондай-ақ, ол былай деген: «Бұл дегеніміз арақ ішүмен, не болмаса адам өлтірумен, не болмаса зина жасауларымен құттықтағанмен тең». "Ахкаму ахли-ззимма" 1/441.

**Сұрақ:** Мен Япониядағы университетте оқимын. Бұл университетте көптеген жиналыстар, форумдар және басқа арақ-шарап құйылатын шаралар жасалынып жатады. Мен ол жерде ішімдіктерді ішпесем де болғаным ушин күнә бар ма?

### Шейх Ибн Баздың берген жауабы:

Алкоголь ішілген жерде отыруға болмайды және сен өзінің қарсылығынды білдіруің керек. Егер олар бұған келіспесе, онда сен олардан алыстауың шарт, бұл пайғамбардың, оған Аллаhtың иглігі мен сәлемі болсын, мына сөзіне сәйкес келеді: «*Кім Аллаhқа және Ақырет күніне иман келтірсе, арақ-шарап ішілген жерде отырmasын!*» Бұл хадисті Әхмәд пен ат-Тирмизи жақсы иснадпен көлтіреді. Олармен бірге отыру – бұл олардың күнәлік істеріне қатысу не болмаса олардың амалына ризалығынды білдіру болып табылады, ал Аллан Тағала быттай деген: «*Аяттарымыз турасында олардың ажыуага кіріскенін көрген сәтте, басқа сөзге кіріскендеріне шейін олардан бет бұр.* Егер шайтан саған ұмыттырса, есіне түскеннен кейін залымдар тобымен бірге отырма!

(әл-Ан'ам 6: 68). Сондай-ақ, Аллан Тағала быттай деді: «*Расында, сендерге Кітапта: “Аллаhtың аяттарына қарсы келінгендігін және ажыуаланғандығын сендер естіген сәтте, олар бұдан басқа сөзге кіріскенше, олармен бірге отырмандар, әйтпесе сендер де солар сияқты боласындар”* - деп үкім түсірді. Шәксіз, Аллаh мұнафикармен кәпірлерді біртұтас тозаққа жинаушы». (ан-Ниса 4: 140). “Фатауа исламия” 3/447.

**Сұрақ:** Өндіріс кезінде құрамына спирт қосатын шоколадтың үкімі қандай? Бірақ спирт өндіріс кезінде буланып кетеді. Осы жағдайда шоколадтың үкімі ірімшиктиң үкіміне сәйкес келуі мүмкін бе?

### Шейх әл-Әлбанидің берген жауабы:

Бұл сұрақ кейбір толықтыруларды талап ететін секілді. Біріншісі: спирттің қосылу мөлшері қандай, оны көп қоса ма, әлде аз қоса ма? Екіншісі: өндіріс кезінде оның буланып кететіні рас па?

### Сұрақ қоюшы:

Бұл сұрақты осы мәселені зерттеген бауырымыз қойып отыр. Ол онда спирттің аз мөлшерде қосылатындығын және өндіріс барысында оның толық буланатынын айтты.

### Шейх әл-Әлбани быттай деді:

Осыған сүйеніп мен быттай деймін: бұл сұраққа біз дәрілерге байланысты берген жауабымызды береміз. Біз көптеген дәрілердің құрамында спирт бар екенін білеміз, одеколондар да сондай. Осы дәрілер мен шоколадқа байланысты быттай жауап береміз: егер іс сен айтқандай болса, онда олар жеуге жарамды! Сондай-ақ, бұларды мұсылмандар емес елдерден сатып алуға және онда сатуға болады. Бірақ, ислам мемлекеттерінде өндіруге болмайды. Бұндай бөлуге не себеп? Сөзсіз, дәрі шоколадқа қарағанда қажеттірек зат, өйткені, шоколад салтанат үшін керек, ал дәрі денсаулық үшін. Бірақ, ислам елдерінде құрамында спирт болған дәрілерді шығаруға болмайды. Неліктен? Өйткені, бұл дәрі жасаушылардан спирт өндіруді, оны жузімнен сырғып хамр ашытууды талап етеді, ал бұған Пайғамбар, оған Аллаhtың иглігі мен сәлемі болсын, мына сөздерімен тыйым салған: «*Расында, Аллаh шарапты, оны сыгуышыны, оны сыйқтыруышыны, оны тасушыны, оны тасытуышыны, оны сатушыны, оны сатып алушыны, одан пайда табушыны, оны ішушіні және оны іштірушіні лагыннеттеді!*» Әбу Дауд, ат-Тәбәрани, әл-Хаким, әл-Бәйхәқи.

Сондықтан бұндай дәрі шығару үшін бізге оны өндіру керек болады, ал өндіруші Аллаhtың қанарына ұшырайды. Ал кәпірлердің елінен келетін дәрілер жайлар айтатын болсақ, оларды үлкен көлемде ішу мас етпейтін болса, онда оларды ішуге болады. Осы

---

Шейх Ибн 'Усеймин мынаны айтқан: «Мұсылмандарға кәпірлердің мерекелеріне шакыруын қабыл алуға болмайды, бұл оларды құттықтағаннан да жаман, өйткені бұл - олардың мейрамын тойлау болып табылады». «Маджму'уль-фатауа уа рисаиль» 3/369.

жерде біз шоколадқа байланысты қойылған сұраққа ораламыз. Егер саған айтқан адамның өндіріс кезінде спирт буланып кететіндігі жайлышты айтқандары рас болса, онда шоколад өзінің табиғи қүйінде мас ете алмайды<sup>30</sup>. Бірақ, мен бұны тағы да қайталап айтамын, бұларды мұсылман мемлекеттерінде өндіруге болмайды.<sup>31</sup> “Сильсилятуль-худа уа-иннур” № 491.

**Сұрақ:** Құрамына доңыздың сыртқы қосылатын ірімшік туралы не айтасыз?

**Тұрақты Комитет ғалымдарының жауабы:**

«Ірімшікке байланысты соңғы кезде оның құрамына доңыздың майы т.б. қосылады деп айттып жүр. Біз ірімшіктің құрамында доңыздың еті бар дегенге бекем тұрақтаған жоқтыз, ал кез келген нәрсенің негізі – оның рұқсат етілгендігі.<sup>32</sup> Алайда, егер біреу ірімшіктің құрамында доңыздың еті бар дегенге анық тұрса және оның күмәні айқын сенімге жақын болса, онда оған мұны жеу рұқсат етілмейді». “Фатауа аль-Ляджнату-ддайма” 22/111.

**Сұрақ:** Темекі тартудың үкімі қандай, және сіз ислам қозғамын турлі темекілер мен кәльяндар шегумен ластайтын адамдарға қандай ақыл айтасыз.

<sup>30</sup> Құрамында кез-келген көлемдегі спирті бар затты ішуге тыйым салушылар, «барлық мас ететін нәрсе – нәжіс» дегенге сүйенеді. Шын мәнінде, шарап та, спирт те және барлық мас ететіндердің бәрі нәжіс болып табылмайды. Өйткені бұған Құранда да, Сұннетте де дәлелдер жоқ. Шараптың нәжіс еместігіне дәлел - оның нәжіс екендігіндегі дәлелдің жоқтығы. Бұл аз десеніз Мұслимнен жеткен хадисте Аллах Тағала шарапқа тыйым салған кезде адамдар оны төгіп судай ағызды делінеді. Ал егер шарап нәжіс болса, онда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сөлемі болсын, оларға олай төккізбес еді. Бұл мәселені имам аль-Құртуби өзінің тәспірінде: «аль-Жамиу ли ахкамиль-Құран» 6/88, және имам ан-Нәүәуи өзінің «аль-Маджму’» жинағының 1/72 бөлімінде, сондай-ақ: «Құран мен Сұннет мас қылатын барлық нәрсені ішуге тыйым салады, алайда шарап нәжіс болып табылмайды!» - дейтін ғалымдар жақсы түсіндірген. Басқалары құрамында спирті бар кез-келген затты жеуғе болмайды деп, мына хадиске сүйенеді: «*Көп мөлшерде мас қылатын зат аз мөлшерде де харам!*» Әбу Дауд 3681, ат-Тирмизи 1865, Ибн Мәжәх 3393. Хадис сахих.

Бұндай тұжырым - хадисті дұрыс түсінбейе болып табылады, өйткені бұл хадистің көп мөлшерде мас ететін кез-келген заттың аз мөлшерде де харам екендігін нұсқайды. Бірақ, бұл жерде көп мөлшерде мас ететін зат бір заттың құрамында, мысалыға кәмпигтің құрамында болған кезде оны жеуғе болмайды деп тұрған жоқ. Құрамына өндіріс кезінде кішігірім көлемде спирт араластырған кәмпіт оны көп мөлшерде жегеннен мас етпейді, сондықтан оны жеуғе болады. Шейх ибн Усеймін «Фатауа нурун ғаля-ддарбта» былай деген: «Егер алкоголь бір нәрсемен араластырылып, онда өзінің ізін қалдырмайтын болса, онда ол жеуғе жарамды. Сондай-ақ, аз мөлшердегі спирт араласқан одеколон және басқа да заттар оны көп ішкеннен мас етпейтін болса, онда ол мас қылатын зат (хамр) болып есептелмейді және ол заттарға мас ететін заттардың үкімі жүрмейді. Бұл, суға бір тамшы зәр түскеннен ол өзінің күйін жогалтпайды, сондықтан ол жарамды саналатыны секілді. Егер қай бір затқа мас ететіннің бір тамшысы түсіп ол оны өзгертушесе, онда ол «хамр», яғни мас қалытын зат болып есептелмейді. Бұл жағты ғалымдар «Мас қылатынның шекаралары» тарауында айтты өтті. Сондай-ақ, мен студенттердің кейбіріне түсініксіз болған мына сұраққа көніл бөлгім келеді, өйткені олар Аллах елшісінің: «*Көп мөлшерде мас ететін зат аз мөлшерде де харам!*», - деген сөзін, мас ететін заттың аз мөлшерін басқа бір затпен араластырса ол харам болып кетеді, деп түсінеді. Хадистің мағынасы бұндай емес, оның мағынасы мынада, егер зат тек үлкен көлемдеғанда мас ететін болса, онда оның аз мөлшері мас етпесе де харам. Мысалы, бізде бір шөлмегі мас қылмайтын сусын бар, бірақ оның он шөлмегін ішсөн - мас боласын, бірақ бір шөлмегінен мас болмайсын, мінеки оның бір шөлмегі де, одан мас болмайтыныңа қарамастан, харам болып табылады. «*Көп мөлшерде мас ететін зат аз мөлшерде де харам!*», - деген хадистің де мағынасы осы. Бұл хадисті, мас қылатын зат басқа бір затпен араласқаннан ол затты да харам етеді, деп түсіну қате болып табылады.

<sup>31</sup> Бұған тек ислам елдері ғана емес, жалпы мұсылмандар да жатады (олар қай жерде тұруына қарамастан), өйткені, мас қылатын заттарды өндіруге тыйым салынады.

<sup>32</sup> Мұндайдың біздің кезімізде көптеген заттар туралы естуге болады: «..мынаның құрамында мынандай заттар бар, ал мынау мынандай нәрседен жасап шыгарылған», - деген сияқты. Ибн ‘Усайминде: «Біз «Сабынның құрамында доңыздың майы бар», - деген паракшаларды жій тауып аламыз. Осы жөнінде не айтасыз?» - деген сұрақ қойылады. Шейх былай деп жауап береді: «Мен: «Кез келген заттың негізі – оның халалдығы», - деймін. Және бұл - барлық нәрсеге қатысты. Аллах айтты: «Ол - сендер үшін Жердегі барлық нәрсені жаратқан». (әл-Бакара 2: 29). Егер де біреу белгілі бір нәрсені, оның құрамында нәжіс болғандықтан, харам десе, ол дәлел келтіруге міндетті! Ал біз оқыған немесе естіген барлық нәрселерге сене беруімізге негіз жоқ. Егер біреу сабында доңыздың майы бар десе, біз оған: «Бұны растайтын дәлел келтір!» - дейміз. Және сабынның құрамында доңыздың майы оның басым бөлігі екендігі расталса, онда біз одан тыйылғанымыз міндетті болады». «Бабуль-мафтух» № 31, 10-сұрақ.

## Шейх Ибн Баздың берген жауабы:

Темекі тартудың негізінде тыйым жатыр және оның барлық түріне рұқсат жоқ, өйткені онда көптеген зиян бар. Сондықтан әр мұсылман темекі тартуды қою керек және бұдан сак болғаны жөн, сондай-ақ темекі тартатын адамдармен бірге отырудан өзін тыю керек». «Маджалияту-дда’уа» № 1667.

**Сұрақ:** Кейбір адамдар шикі ет жегенде жақсы көреді. Мен осыған байланысты Исламның үкімін білгім келеді, осылай істеге рұқсат бар ма жоқ на?

## Шейх әл-Мунаджидтің берген жауабы:

Кейбір ғалымдар шикі ет жеген дұрыс емес (макрух) деді. Бірақ, барлық тұрмыс мәселелерінің негізінде рұқсат етілгендік жататын болғандықтан, шикі етті жеуге болады деп айта аламыз. Өйткені, шикі етті жеуге болмайды дегенге дәлел жоқ. Бірақ, бұның шарты шикі ет жегеннен адамның денсаулығына зиян тимеу керек. Ал егер де ол денсаулыққа зиянын тигізетін болса, онда оны жеуге тыйым салынады, өйткені барлық зиян келтіретін нәрсе харам болып табылады<sup>33</sup>. Аллан Тағала былай дейді: «Өздерінді өз қолдарыңмен қауіп-қатерге салмандар». (әл-Бақара 2: 195). “Суәл уа жәуәб” № 1924.

## Желатин жайлы

Құрамында желатин болған тағамдардың халәлдігі жайлы сұрақ - мұсылмандарды жиі мазалайтын мәселелердің бірі, өйткенің қазіргі таңда ол барлық өнімнің құрамында бар десек болады. Ғалымдардың бұл мәселеге байланысты пікірлері бөлінген, бірақ олардың арасындағы пікірлердің қайсысы күштірек екендігін тусіну үшін екі жақтың да дәлелдерін келтіру керек.

Шейх Усейміннен: «Құрамында желатини бар, ал желатин алынған сиыр шаригаттың үкіміне сай бауыздалмаганы мәлім болған, тағамдар жайлы шаригаттың үкімі қандай болмақ?» - деп сұрағанда, ол былай жауап берген:

«Шаригаттың үкіміне сәйкес келмейтін жолмен бауыздалған болса, не болмаса құрбаны қабыл болмағыны адамдар бауыздаған жануар өлеме болып табылады. Жануарды қөпқұдаішыл (муширик) Аллаһтың есімін аузына алып бауыздаса да, немесе оны мұсылман, бірақ шаригаттың үкіміне сәйкес келмейтін жолмен, бауыздаса, онда бұндай жануардың да етін жеуге тыйым салынады! Егер де осындағы жануардың тушасынан ет алынып бір нәрсемен араласатын болса, ал ол араласқан заттан пайда болған өнімде сол қосылған зат өзінің ізін қалдырса, мысалы, дәмін, түрін, исін өзгертсе, онда пайда болған өнім де жеуге жарамсыз, яғни харам болып табылады. Дегенмен, пайда болған өнімде ол өзінің ізін қалдырмаса, онда оны жей беруге болады, өйткені сахабалар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, отқа табынуышылардың ірімшигін жеген, ал отқа табынуышылардың бауыздаған жануарлары жеуге жарамсыз болып табылады! Дегенмен, олардың ірімшикке араласқан мал запыранынан тағамда ізі де қалмайтын кішкентай бөлігі қосылады. Бұл - ізін қалдырмайтын затқа көніл бөлінбейді дегенді білдіреді». “Бәбу ль-мафтух” № 48, мин. 21.

Шейх Усейміннің айтқаңдары фиқхта «истихаләту наджаса», деп аталады. «Истихалә», деген термин: зат мәнінің өзгеруі мен басқа бір затқа айналуын білдіреді. “Рад әл-мухтар” 1/291 қараныз.

Негізінде, лас (нәжіс) болған заттың сипаты өзгергеннен кейін ол таза затқа айналады ма жоқ па, бұл жөнінде ғалымдардың арасында келіспеушілік бар. Ғалымдардың арасында нәжістің сипаты өзгергеннен кейін (истихалә) тазарады деген пікірді Әбу Ханифа, ханафилемен, мәликилер, кейбір ханбалилер ұстанған, олардың арасында мазхаб білгірі

<sup>33</sup> Ал іс жүзінде, дәрігерлер шикі етті жеудің салдары жақсы болмайды, өйткені, шикі еттің құрамында зиянды бактериялар бар және оны жеуден ішек құрттары пайда болады дейді!

- Ибн Қудама, Ибн Ҳәзм және захирілер де бар. Бұл пікірді ұлken ғалымдардан шейхулы-Ислам Ибн Тәймия, оның шекірті Ибн әл-Қайм және шейх әл-Әлбани қабылдаған. “әл-Бахр ар-раик” 1/239 “аш-Шарх әл-қӘбір” 1/50, “әл-Інсаф” 1/31.

Имам ибн Қудама: «Кез-келген нәжіс сипаты мен сапасы өзгергеннен кейін тазарады», - деп айтқан. “әл-Мүгни” 1/59.

Имам Ибн Ҳәзм былай деп айтқан: «Нәжістің, не болмаса тыйым салынған заттың сипаты мен сапасы өзгеріп, басқа бір затқа айналса, соның салдарынан ол затты шариғи үкіммен байланыстыратын аты да өзгеріп, басқа атқа ие болса, онда өзгерген зат өз негізінде нәжіс, не тыйым салынған зат болып есептелмейді». “әл-Мухалля” 1/138 қараныз.

Шейхулы-Ислам Ибн Тәймия былай деген: «Егер де өзінің негізінде лас болып саналатын зат өзінің сипатын өзгертпіп, рұқсат етілген нәрселерге айналса, мысалы қанның, өлексенің, доңыздың тұз өндірісіне түсіп тұзға айналуы; не болмаса нәжіс жанып күлге, әкке және осыларға үқасас басқа заттарға айналса, бұл жағдайда ғалымдардың екі түрлі пікірі бар. Олардың бірі лас нәрсе өзінің сипатын өзгерткеннен тазармайды дейді. Бұл - имам аш-Шафидің және Малик мазхабындағы кейбір ғалымдардың пікірі, сондай-ақ, Ханбал мазхабындағы кейбір ғалымдардың пікірі. Ал басқа ғалымдардың пікірі бойынша өзінің сипаты мен сапасын өзгерткен нәжіс тазарады. Бұл Әбу Ханифа мазхабындағылардың пікірі және Малик пен Ханбал мазхабындағы басқа ғалымдарының пікірі. Сондай-ақ, бұл - пікірлердің ішіндегі ең дұрысы, өйткені, өзгерген заттарға Құранда да Сұннетте де тыйым жоқ. Бұл заттардың харамдығы жайлы дәлелдер жоқ, керісінше, оларға рұқсат етілген заттардың үкімі жүреді, өйткені олар таза заттардың бірі (яғни, негізі рұқсат болған дүниелер). Сондықтан Құран мен Сұннет және қияс (үқастық бойынша салыстыру тәсілі) олардың рұқсат екендігін нұсқайды». “әл-Фатауа әл-кубра” 1/231.

Ибн әл-Қайим былай жазған: «Осы негізден, шараптың сипатынің өзгеріп басқа затқа айналуы қиясқа сәйкес келеді. Шарап лас болып табылады, өйткені жаман нәрсе деп суреттелген. Басты себебі өзергеннен кейін онымен бірге сол себеп мәжбурлайтін нәрсе де өзгереді. Осыған қарағанда осындағы қияс дұрыс болып есептеледі, сондай-ақ бұның өзінің бастапқы күйін өзгеркен басқа нәжістерге де қатысты. Аллаh Тағала сұттің тезек пен қаннан пайда болатынын хабарлады. (ан-Нахль 16: 66)

Сондай-ақ, мұсылмандар, егер де нәжістермен қоректенген жануарды қорада ұстап таза нәрсемен қоректендірсе, онда оның еті де сүті де ішіп-жеуге жарамды екендігі жайлы бір ауыздан келіскең. Сондай-ақ, ластықпен сугарылған егіс пен жемістер, артынан таза сүмен сугарылса, онда ластықтың сипаты мен сапасының тазага ауысуының салдарынан жеуге жарамды болады. Бұған керісінше таза нәрсе өзінің бастапқы сипатынан бұзылса ол нәжіске айналады. Бұған мысал ретінде судың зәр мен тезекке айналуын айта аламыз. Аллаh Тағала тазадан жиіркеніштіні және жиіркеніштіден тазаны шыгарады. Бұл кезде оның бастапқы сапасына көңіл бөлмегендей, бастапқы күйіне де көңіл бөлінбейді. Өйткені, ол бойында ластықтың үкімі болған заттан басқа бір затқа айналып кетті. Мысалы, тезек күлге, ал шарап уксуске айналды. Бойында нәжістің үкімі жүретін зат жойылды да, оның аты да, ластық себебін білдіретін заты да кетті. Ал өзгеріп, одан пайда болған заттың үкімі де өзгерді». “И’ләм әл-муакқи’ин”.

Сондай-ақ, бұл жайында хафиз Ибн Раджаб та айтқан. “әл-Қаяу’ид” 1/334.

Шейх әл-Әлбәниден: «Сіз шаригаттың үкіміне сәкес бауыздалмаған жануардың асказанының бөлігін қосқан ірімшик жайлы не дейсіз?», - деп сұрағанда, ол былай жауап берген:

«Егер де дастық химиалық әсерлерден өзгерген болса, онда ол шаригаттың үкіміне сәйкес таза затқа айналады. Бұған мысал ретінде шараптың о бастан рұқсат етілмеген зат екендігіне қарамастан, уксуске айналғанда рұқсат етілгендердің қатарына қосылғанын айта аламыз. Егер лас нәрсе (нәжіс) күннің, жаңбырдың не болмаса желдің әсерінен тұзға айналғанын көрсек, онда біз тұздың неден пайда болған затына мән бермейміз, керісінше оның қазіргі күйін қараймыз». “Сильсилятуль-худа уа-ннур” № 9, қысқартылған.

Сонымен, нәжіс өзінің сипатын өзгерткеннен кейін тазарады деген пікір құштірек, өйткені, бұған шаригат мәтіні, қияс және сау ақыл нұсқайды. Шаригат мәтіндерінен мысал

келтірейік. Бухари мен Мұслим келтірген сенімді хадистерде мыналар айтылады: «*Ақыретте шахид Аллаh алдына келгенде, оның қаны жұпар иісті май болады*».

Кейбір ғалымдар Исламның бірінші жылдары иіс майлар өндірмегенін айтады. Иіс майдың құрамына марал не еліктің жыныстық мүшелерінен бөлінетін заттары қолданылған. Ал иіс майларды тек қөпқұдайшылдар жасаған, ал ол нәжістен өндірілген, өйткені қөпқұдайшылдардың барлық бауыздаған малы жеуге жарамсыз өлексі саналады, ал өлексі - бұл нәжіс, яғни нәжіс. Ал егер иіс май нәжіс болса, өйткені ол сол жануарлардан өндіріліп жатыр, онда пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, шахидтердің қанын иіс маймен салыстырmas еді (және оны өзі қолданбас еді - аударушыдан).

Сондай-ақ, хадисте өлексенің терісі иленгеннен кейін тазарады делінгені келтіріледі.

Сондай-ақ, сахабалар отқа табынушылардың өндірген ірімшігін жеген, біз бұл жайлыш тараудың басында келтірген болатынбыз.

Сондай-ақ, ғалымдар, егер де шарап өздігінен уксусқа (сірке су) айналған болса, онда оны ішуге болады, деген пікірге тоқтаған. Бұл пікірге «шарап - нәжіс», - деп санайтындар да тоқтаған. Бірақ шараптан уксус (сірке) өндіруге тыйым салынады. Энәс, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, мына хадисті келтіреді: «*Пайғамбардан, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Шараптан уксус жасауга болады ма?», - деп сұраганда, ол: «Жоқ!», - деп жауап қайырган*». Мұслим 2/235.

Түсінікті болу үшін тағы да мысал келтіруге болады: Мысалы, доңыз өлгеннен кейін шіріп топыраққа айналып кетті, сонда сол пайда болған топыраққа біреу доңыз деп не басқа деп айта алады ма? Өйткені, доңыз деген сөзге еті мен сүйегі бар тірі жан жатады және ол сөзді ешкім темір, күл, топырақ т.с.с.мағынаны береді деп ешкім айта алмайды. Ал доңыз шаригат үкімі бойынша - харам! Енді доңызды өндіріске салып порошоққа не желімге айналдырыды, осыны біреу доңыз деп айтар ма екен? Сонымен, бастапқы заттың сипаты, суреттемесі, аты өзгерді, демек, ол затқа байланысты шаригат үкімі де өзгерді. Ал негізі ластық болған зат сипаты өзгергеннен кейін өзінің ластығын жоймайды дейтін ғалымдардың бұған дәлелдері жоқ!

Енді «желатин» дегеніміз не және оны қалай өндіретіндігіне толық тоқтап өтейік. Бұл жерде біз жануардан жасалған желатин жайлыш айтып тұрмыз, өйткені балдырдан өндірілетін «агарь» дейтін желатин бар, оның халәлдігінде ешкімнің дауы жоқ.

Желатин жануардың терісін, сүйегін, сіңірлерін қайнату жолымен жасалынады. Сүйекті қайнатар алдында бірінші майсыздандырады, ал оның минералмен құрамдас бөліктері қышқылмен өнделіп шығарылады. Қоймалжынды жұмсартып желатинге айналдыру үшін тері мен сіңірді әкпен өндейді. Біріктіруші талшықтардағы құрамындағы қоймалжың глютинге айналады. Пайда болған ерітіндіні желімге айналғанша буыландырады, түссіздердіреді және сұттады да, содан соң бөліктерге кесіп кептіреді. Дайын құрғак желатин - дәмсіз, иіссіз, мөлдір, түссіз не әліз сары зат». «Кругосвет» әнциклопедиясы», «Словарь естественных наук» қараңыз.

Осындаған жете өңдеуден өткен зат желатинді біреу доңыз, сүйек, сіңір, не болмаса басқа бір зат, деп айта алады ма? Бұл желатиннің өзіне ғана қатысы бар, ал оның тағамға басқа заттармен бірге өте аз мөлшерде қосылатындығы дәлелді қүшейте түседі.

Шейх ибн Жибриннен құрамында шопқаның ішегінен жасалған желатині бар дәрі жайлыш сұраганында ол былай жауап берген:

«Бұл жайлыш Аллаh жақсырақ біледі, менің ойымша бұндай заттарды қолдану - проблема емес, өйткені онда анық пайдалар бар және олардың алмасыра алатын басқа заттар жоқ. Бұл заттарды қолдануга болады, өйткені олар өндіріс барысында өзгерген және бұл заттарға қосылатын доңыз ішегінің бөліктері басқа заттарға айналды. Ғалымдардың тобы, нәжіс өзінің сипаты өзгергеннен кейін тазарады, яғни харам үкімі жүретін бастапқы күйін өзгертіп таза затқа айналады, деген пікірді дұрыс деп тапқан. Ал ол доңыз ішегінің аты да, заты да, сипаты де

қалмады. Сондықтан, дәрінің доңыздан жасалғанын көрген адам оны тыйым салынған зат, яғни харам деп ойлауга асықпасын! Ислам пайдасы бар, нәжіс болмаған және зиян тимейтіннің бәріне рұқсат етті!» «Фатауа Ибн Джибрин» № 10509.

Осы айтылғанның бәрінен мынау анықталды: құрамында желатині бар (ол доңыздан өндірлсе де) дәрі, кәмпитет сияқты кез-келген өнім жеуге жарамды, яғни халәл.

Осында келтірілген айғактарға және ұлы ғалымдарға еріп осы пікірді ұстанғандарды ешкім терістей алмайды. Ең бастысы - адамның өз нәпсісіне емес, білімге ерген! Өйткені, осында айтылғандарды білмей, құрамында спирт, желатині бар заттарды қолданатын мұсылмандар көп-ақ.

Кімде-кім осында айтылғандарға ілеспейтін болса, өздері біледі. Бірақ, осы айтылған пікірді ұстанатын мұсылмандарды өздерінен кем көруіне, не болмаса тақуалықтары төмен, деп айыптауларына хақылары жоқ! Таза тақуалық – бұл Құран мен Сұннетке негізделген тақуалық. Нәжіс құрамы мен сипаты өзгергеннен кейін таза затқа айналады деген ғалымдарды ешкім білімсіздікпен айыптай алмайды!

## Қорытынды

Сонымен осында айтылғандардан мыналар шығады:

1. Құран мен Сұннетте тыйым келмеген нәрселердің бәрін негізінде тамаққа қолдануга рұқсат етілген!
  2. Бірақ, жануар етінің негізінде, ол шарифатқа сай бауыздалмайынша, тыйым түр, яғни ол харам саналады. Бұған тек су жануарлары кірмейді.
  3. Егер жануарды бауыздаған адам мұсылман, христиан не яхуди екені белгілі болса онда ол бауыздаған жануардың еті халәл болып саналады, және егер мал Аллаһ есімін айтпай, бұындырып т.т. осыған ұқсас шарифат үкіміне сай бауыздалмағаны нақты белгісіз болса да, бұл ет жеуге жарамды, яғни халәл саналады.
  4. Егер ет бауыздауы рұқсат етілгендерден келген болса (мұсылман, христиан не яхуди), онда жануардың қалай сойылғандығы жайлы, яғни бауыздар алдында «бисмиЛләh» айтылып-айтылмағандығы жайлы тергеу жүргізу міндетті емес!
  5. Сондай-ақ, мұсылман адам халқының көпшілігі христиан, яхуди діндерін ұстанатын Америка, Франция, Россия, Израиль сияқты т.с.с. елдерде ет жеуіне болады.
  6. Бірақ, халқының көпшілігі атеистер (коммунисттер) және көпқұдайшылдар болған Қытай, Япония, Куба, Индия сияқты т.с.с. елдерде, еттің халәл екендігі анық болмаса, оның жеуге болмайды.
  7. Егер еттің шығу тегінде күмән болса, яғни ет Кітап иелері мекендейтін елден келгені әлде көпқұдайшылдардың елінен келгені белгісіз болса, онда бұндай ет күмәнді нәрселердің қатарына қосылып, жеуге жарамсыз саналады.
  8. Өндіріс үрдісі кезінде құрамына аз мөлшерде алкоголь қосылған дәрі-дәрмек, кәмпитет, шоколад сияқты кез келген өнімдер, егер қосылған спирт өндіріс үрдісі барысында өзінің сипатын жоғалтып немесе буланып кететін болса, ішіп-жеуге жарамды, яғни халәл. (аударушыдан)
  9. Құрамында желатині бар (ол доңыздан өндірлсе де) дәрі, кәмпитет сияқты кез-келген өнім жеуге жарамды, яғни халәл. (аударушыдан)
  10. Кез-келген тері иленгеннен кейін таза болып саналады, бірақ сойдақ тісті жануарлардың терісін қолданудан (оларды киіп үстіне отырудан) Пайғамбарымыз, Аллаhtың оған игілігі мен сәлемі болсын, тыйған. (ред.)
- Әр мұсылман өзінің немен тамақтанып жүргеніне мән беріп, халәл нәрселерді ғана жеп, харам нәрселерден басын алыс ұстаяу тиіс.

Бұл біздің Аллаh Тағаланың мейірімімен Қазақстан және басқа да елдер мұсылмандарының көкейіндегі жүрген маңызды сұрақтарға байланысты жиғандарымыз. Бұл жұмыста жануарды бауыздауға байланысты дін негіздері мен үкімдері келтірілген.

Біз Аллаh Тағаладан бұл еңбекті игілікті етуін және осыны оқыған адамдардың бәріне пайдалы қылуын сұраймыз.

Бұл жұмыстағы ақиқаттың бәрі Аллаhtан да, ал егер біз бір нәрсені жіберіп алсақ, не болмаса қателессек, онда бұл өзімізден және барлық нәрсеге қолын сұғуға тырысатын шайтаннан, ал Құдіретті Аллаh бүкіл кемшіліктен пәк!

*Бүкіл әлемнің Раббысы - Аллаh Тағалаға мақтауладымызды айтамыз.*

*Пайгамбарымыз Мұхаммадқа,  
оның жанұя мүшелеріне, оның сахабаларына  
және оның артынан Ақырет күніне дейін еретіндерге  
Аллаhtың иглігі мен сәлемі болсын!*

Орыс тілінен аударған: **Исмаил Құттықожаев**  
Аударма редакторы: **Ілияс Сырым**

## Әдебиет

1. «Джами'уль-баян 'ан тауили аяиль-Куран» Ибн Джарир эт-Табәри.
2. «аль-Джами'у ли ахкамиль-Куран» Абу Абдуллах Мухаммад әл-Куртуби.
3. «Тафсируль-Кураниль-'Азыым» Ибн Кәсир.
4. «Тайсируль-Карими-Рахман» 'Абдур-Рахман ас-Са'ди.
5. «аль-Мууатта» Малик ибн Анас.
6. «аль-Адабуль-муфрад» Абу Абдуллах Мухаммад ибн Исмаил әл-Бухари.
7. «Фатхуль-Барий шарху Сахихиль-Бухари» Ибн Хаджар әл-'Асқаляни.
8. «Шарху Сахихи Муслим» Яхъя ибн Шараф ан-Науауи.
9. «Тұхфатуль-ахуази би шархи Джами'у-Тирикли» әл-Мубаракфури.
10. «Сильсилятуль-аҳадиси-ссаҳиҳа» Мухаммад Насыруддин әл-Әлбани.
11. «Сахихуль-джами'и-ссағир» Мухаммад Насыруддин әл-Әлбани.
12. «әл-Иджма'» Ибн әл-Мунзир ән-Нәйсабури.
13. «әл-Кәбәир» Шамсуддин әз-Зәхаби.
14. «Джами'уль-'улюми уәл-хикам» Зайнуддин Ибн Раджаб.
15. «Субулю-Ссалям шарх Булюғиль-марам» әл-Амир ас-Сан'ани.
16. «Найлюль-аутар шарх мантақильт-аҳбар» Мухаммад әш-Шәукани.
17. «ас-Сайлюль-джарап» Мухаммад әш-Шәукани.
18. «Ируауль-ғалиль» Мухаммад Насыруддин әл-Әлбани.
19. «ат-Такfir уа дауабитиху» Салих әл-Фаузан.
20. «Шарху арба'ина-Ннауауи» Хасан ибн Абдуль-Хамид әл-Халяби.
21. «әл-Маусу'атуль-фикхиятиль-муяссара» Хусайн ибн 'Ауда әл-'Ауайша.
22. «әл-Уаджиз фи фикхи-Ссунна уәл-Китабиль-'Азиз» 'Абдуль-'Азым ибн Бадауи.
23. «Сахих фикху-Ссунна» Абу Мәлік Кәмәл ибн Сайд Салим.
24. «Ахкаму-ззабаих уа-ллюхуми фильт-Ислям» Абу Абдуллах ад-Дайлями.
25. «Фатауа 'улямайль-билиядиль-харам» Собраб: Халид әл-Джариси.
26. «Фатауа әл-Ляджнати-ддаиматиль-ифта».
27. «Фатауа шейх әл-Әлбани».
28. «Фатауа шейх Ибн Баз».
29. «Фатауа шейх Ибн Усаймин».
30. «Фатауа шейх Салих әл-Фаузан».